бағыттай алуы. Оқушылардың дені сау болу үшін ұстаздар жақсы дәстүрлер мен әдеттерді қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтын сақтаудың қажеттілігі және оны іске асырудың меңгеру жолдарын үйренуі қажет[1].

Жасөспірімдердің денсаулығын нығайту, жүйке психикасын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, сымбатты өсіру әрбір ата-ана мен педагогтердің алдында тұрған үлкен міндет.

Болашақ мамандары әлсіз, денсаулығы нашар, білімсіз, зиянды әдеттерге әуес, жалқау, тәрбиесіз жастар болса, ол мемлекет қашан да әлсіз, қорғансыз. Яғни, келер күннің айнасы – жастар денсаулығында, салауатты өмір салтында.

Бүгінгі таңда Қазақстанда күн тәртібінде тұрған әлеуметтік маңызы зор мәселенің бірі – ұлттың денсаулығы.

Мектептегі денсаулықты сақтауға негізделмеген білім мен тәрбие үрдісі тиімді болуы мүмкін емес. Сондықтан да білім беру саласындағы мамандардың жұмыстары денсаулықты сақтау ұстанымына негізделіп жүргізілгенде ғана нәтижелі болады.

Жас ұрпақтың саламатты өмір сүруге көзқарасын қалыптастыру, денсаулыққа жауапкершілікпен қарауға, қоршаған ортасын таза ұстауға тәрбиелеу секілді мәселелер – бүгінгі білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі.

Мектеп оқушылары денесінің даму деңгейін анықтау және олардың жұмыс қабілетін физиологиялық тәсілдермен зерттеу арқылы денсаулықтарына баға беріледі.

Баланың тиісті шақтарында оларды сипаттайтын сол кезеңдерге тән морфологиялық және функционалдық көрсеткіштерінің кешені болады. Осы кешен арқылы олардың денсаулық деңгейіне баға беру мүмкіндігі – ғылыми ақиқат. Балалардың денсаулық жағдайына, денсаулыққа анықтама бере алатын, негізгі 4 белгіні есепке ала отырып, баға беріледі. Олар:

Созылмалы аурушандықтың бар, жоғы. Бұл маман-дәрігерлердің тексеруі арқылы анықталады.

Организмнің негізгі жүйелерінің қызмет жағдайы. Бұл клиникалық тәсілдер арқылы, қажет болған жағдайда функционалдық сынамаларды пайдалану арқылы анықталады.

Организмнің сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне қарсыласу мүмкіндігі. Бұл өткен жылғы жедел аурулардың санына байланысты анықталады.

Физикалық даму деңгейі және оның үйлесімділігі. Психикалық даму деңгейі. Физикалық даму антропометрлік өлшеулер жүргізіп, стандарттар және бағалау таблицаларын қолдану арқылы анықталады. Психикалық даму деңгейін психоневрологиялық тексеру кезінде анықтайды.

Мектеп оқушылары денесінің даму деңгейін анықтау және олардың жұмыс қабілетін физиологиялық тәсілдермен зерттеу арқылы денсаулықтарына баға беріледі.

Дене дамуының деңгейін анықтау үшін соматикалық өлшеулер жүргізіледі. Оларға: бойының ұзындығы, дене массасы, кеуде шеңберінің өлшемдері жатады.

Балалардың дене бітімінің дамуына жеке баға беру мақсатында көптеген уақыттар бойы жеке антропометриялық параметрлердің қатынастары - индекстер тәсілі қолданылып келді. Әсіресе, ең кең таралғандары Брок, Пинье, Кетле, Гульда және Кауп, Ливи, Рорера, Эрисман индексі және т.б. болды[5].

Осы уақытқа дейін жеткен Брок индексі бойынша, дене массасы (кг), бой ұзындығынан (см) 100 см алғанға тең. Мысалы, бойының ұзындығы 170 см болса, дене массасы 70 кг тең болуы керек. Пинье индексі, немесе "сандық көрсеткіш", бой ұзындығынан дене массасын және кеуде шеңберінің көлемін алғанға тең. Индекс аз болған сайын, организм әлсіз болады деп есептелді.

Алайда индекстердің балалар организмдерінің бой ұзындығының бірдей еместігін

есепке алмайтындығы, сонымен қатар, олардың жасы мен жынысына көңіл аударылмайтындығы негізгі кемшілігі болып саналады. Сондықтан, тиісті дене массасын анықтау үшін мына формула ұсынылады:

$$m = \left(\frac{\hat{a}\hat{i}\hat{e}\hat{u} (\hat{n}\hat{i}) * 4}{2,54} - 128 \right) * 0,453$$

Ұлдарға:

$$m = \left(\frac{\hat{a}\hat{i}\hat{e}\hat{u} (\hat{n}\hat{i}) * 3,5}{2,54} - 108 \right) * 0,453$$

Қыздарға:

Индекстер тәсілдерінің орнына *Сигмадан ауытқу* (дене бітімі дамуының профилі) келеді (Рудольф Мартин, 1925ж). Ол, жеке адамдардың дене бітімі дамуының параметрлерін, осы параметрлердің орташа арифметикалық көрсеткіштерімен салыстыру арқылы жүргізіледі. Алынған айырмашылық санды, сәйкес белгілердің орташа квадраттық ауытқуына бөледі де, сигмадан ауытқуды табады. Дене бітімінің дамуы сигмадан ауытқу көлемі бойынша бағаланады. Әрбір баланың профилі ретінде графиктік көрсеткіш сызылады және ол Мартинэ картасы деп аталады. Бағалау кестесіндегі бағынышты белгілердің мектеп оқушылары үшін алынған - "нормалау" шекарасы М +2 -ға дейін кеңейтілген. "Норманың" шекарасын кеңейту, "дене массасы артық" деген бағасы бар оқушылардың меншікті үлесін азайтады. Өйткені -1 және +2 арасындағы "дене массасы артық" деген оқушы, семіздікке жата бермейді. Өсіп, даму жағдайындағы мектеп оқушыларының организмінің артық массасы семіруді ғана көрсетпейді, сонымен қатар, белгілі дәрежеге дейін бұлшық еттер дамуының да көрсеткіші болып саналады. Нағыз семіру олар үшін М +2G шегінен едәуір шығып тұрады. Мұндай жағдайды гигиенистермен бірге клиницистер де растайды. Бұл тәсіл қарапайым және шындыққа жақын.

7-19 жас аралығында ұл және қыз балалардың бойы ұзындығының, кеуде шеңберінің және дене массасының орта мәндері «Алматы қаласы мен облысы бойынша балалардың орташа дене көрсеткіштері (З.М. Алиакбарованың зерттеуі бойынша)» атты кестеден алынады [2].

Жоғарыда айтылған тәсілге мысал келтірер болсақ, 10 жастағы З.Н.-ның (қыз бала) орташа соматикалық көрсеткіштері төмендегідей:

Бойы: 135,5-134,9=0,6/6,1=0,1

Массасы: 29-27,9=1,1/3,9=0,3

Кеуде шеңбері: 63-62,2=0,8/3,8=0,2

Ұл бала, Д.Б.:

Бойы: 141-132,4=8,6/6,2=1,4

Массасы: 34-28,9=5,1/3,4=1,5

Кеуде шеңбері: 64-64,1=-0,1/3,2=-0,03

Физиологиялық тәсілдер ретінде: Гарвард степ-тесті индексі және кардиореспираторлық жүйенің көрсеткіші – максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) мөлшері жатады.

Денсаулық жағдайын бағалауға қажетті ақпаратты, тек денеге күш түсіру аяқталар тұста өлшенетін көрсеткіштер хабарлап қана қоймайды, сонымен бірге қалыпқа келтірер кезде өткізілетін зерттемелердің мәліметтері де айқындайды.

Осы мақсатта, Гарвард «степ тесті» сұрақтамасы қолданылады. Тест нәтижелері Гарвард степ-тестінің индексі (ГСТИ) ретінде шартты бірліктермен көрсетіледі. Сонымен қатар, дене еңбегінің жүктемесі ретінде степ-тест жаттығуын жасату,

максимальды пайдаланылған оттегіні (МПО) және PWC_{170} анықтау әдістерімен сәйкес жүреді [3,4].

Енді жоғарыда тандап алынған әдістер арқылы жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелерін талдауға назар аударатын болсақ. Біз, Алматы қаласы Алатау аданы №169 мектеп-гимназиясының 1-4-сынып оқушыларына зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Мысалы ретінде 4-сынып оқушыларының нәтижелерін ұсынып отырмыз.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. №169 мектеп-гимназиясының 4-сыныбындағы оқушылардың соматикалық және физиологиялық жүйесінің көрсеткіштері №1 кестеде келтірілген. Онда зерттелушінің жасы, жынысы, бойы, массасы, кеуде шеңбері, тыныштық күйдегі пульс жиілігі – т/п, орташа мәні – о/м, жүктемеден кейінгі пульс жиілігі – ж/к/п, Гарвард степ-тест индексі– ГСТИ, максимальды пайдаланылған оттегісі (МПО) және МПО/кг бойынша мәліметтер берілген. Ең алдымен ұлдарға тоқталатын болсақ, Д. Б.-ның жасы - 10-да, бойы - 141 см, кеуде шеңбері - 64 см, таразыға өлшегендегі массасы - 34 кг, тиісті дене массасын формулаға салып есептегенде - 42,6 кг болды. Бұл оқушының соматикалық зерттеу бойынша, денінің саулығын байқауымызға болады. Ал, физиологиялық зерттеуімізден байқайтынымыз, оның тыныштықтағы пульс жиілігі 1 минутта - 84, орташа мәні - 82, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундындағы пульс жиіліктері - 51, 45, 39, орта мәні - 45, Гарвард степ-тесті индексі - 88,8 (жақсы), максимальды пайдаланылған оттегісі (МПО) - 2093 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг - 61,5 (өте жақсы) деген көрсеткішке ие. Екі тәсіл көрсеткіштері бойынша, Д. Б. денсаулығының қалыпты екенін айтуға болады.

Екінші ұл - О. М. жасы - 10-да, бойы - 137.5 см, кеуде шеңбері - 62 см, таразыға өлшегендегі массасы - 31 кг, тиісті дене массасын формулаға салып есептегенде - 40 кг болды. Бұл салмақтың жетіспеушілігін көрсетеді. Ал, физиологиялық зерттеуімізден оның тыныштықтағы пульс жиілігі 1 минутта - 84, орташа мәні - 82, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секундтындағы пульс жиіліктері - 48, 45, 42, орта мәні -45, Гарвард степ-тесті - 88,8 (жақсы), максимальды пайдаланылған оттегісі (МПО) - 2056,8 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг - 66,3 (өте жақсы) деген көрсеткішті көрсетті. Бұл жерде, О. М.-дағы біраз ауытқу массасының кемдігінде болып тұр.

Үшінші ұл - Ө. А. жасы - 10-да, бойы - 146 см, кеуде шеңбері - 71,5 см, таразыға

өлшегендегі массасы - 41 кг, тиісті дене массасын формулаға салып есептегенде 46 кг болды. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша, тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта - 78, орташа мәні - 78, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секунтындағы пульс жиіліктері - 54, 45, 39, орта мәні- 46, Гарвард степ-тесті 86,9 (жақсы), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) – 2130 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг - 51,9 (жақсы) деген көрсеткіш танытты. Бұл жерде, Ө. А.-да соматикалық және физиологиялық зерттеу тұрғысынан ауытқушылықтар байқалған жоқ.

Енді қыздардың көрсеткіштеріне назар аударсақ, зерттелуші Ы. А. жасы - 10-да, бойы - 156 см, кеуде шеңбері - 75 см, таразыға өлшегендегі массасы - 47 кг, тиісті дене массасын формулаға салып есептегенде 48,4 кг болды. Тиісті массасы мен таразыдағы массасы арасында айтарлықтай айырмашылық байқалмады. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша, тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта - 84, орташа мәні - 82, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секунтындағы пульс жиіліктері - 51, 45, 42, орта мәні - 46, Гарвард степ-тесті - 86,9 (жақсы), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) - 2033 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг - 43,2 (жақсы) деген көрсеткіш. Мұнда, Ы. А.-ның соматикалық және физиологиялық зерттеулері бірін-бірі қуаттайды.

Келесі оқушы, З. Н.-ның жасы - 10-да, бойы - 135,5 см, кеуде шеңбері - 63 см, таразыға өлшегендегі массасы - 29 кг, тиісті дене массасын формулаға салып есептегенде 35,6 кг болды. Тиісті массасы мен таразыдағы массасы арасында айтарлықтай айырмашылық, яғни массасының жетіспеушілігі байқалады. Физиологиялық көрсеткіштері бойынша, тыныштық күйіндегі пульсі 1 минутта - 84, орташа мәні - 86, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секунтындағы пульс жиіліктері - 57, 48, 42, орта мәні 49, Гарвард степ-тесті - 81,6(жақсы), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) - 1478мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг - 50,9(өте жақсы) деген көрсеткіш. ГСТИ мен МПО нәтижелері бірін-бірі қуаттайды, бұл оқушыда кемшілік салмақтың жетіспеушілігінде болып тұр.

Бұл сыныптың соңғы зерттелінушісі, Ф. Т.-ның жасы 10, бойы – 139 см, кеуде шеңбері - 63 см, таразыға өлшегендегі массасы - 30 кг, тиісті дене массасын формулаға салып есептегенде 37,8 кг болды. Тиісті массасымен салыстырсақ, зерттелушінің массасының жеткіліксіздігі байқалады. Физиологиялық көрсеткіштеріне тоқталар болсақ, тыныштық күйіндегі пульсі - 1 минутта 90, орташа мәні - 88, жүктемеден кейінгі әр минуттың алғашқы 30 секунтындағы пульс жиіліктері - 51, 45, 45, орта мәні 47, Гарвард степ-тесті - 85,1(жақсы), максимальды пайдаланылған оттегі (МПО) - 1624 мл, максимальды пайдаланылған оттегі/кг - 54,1 (өте жақсы) деген көрсеткіш байқалды. Соматикалық зерттеу мен физиологиялық зерттеулер бірін-бірі қуаттамайды.

Жалпы 4-сынып оқушыларына жүргізілген зерттеулер мәліметтері бойынша, оқушылардың басым бөлігінде соматикалық көрсеткіштерінің бірі салмақ бойынша ауытқулар, яғни салмақтың жетіспеушілігі байқалды. Мысалы, қыздардан Ф. Т. - 7,8 кг, ұлдардан Д. Б. – 8,6 кг, О. М. – 9 кг тиісті массасына жетпейді. Физиологиялық параметрлер: ГСТИ және МПО мәліметтері бойынша, барлық оқушыларда ауытқушылықтар байқалған жоқ.

№	Ф.И.О	Жы-	жасы	Бойы	Салм.	Кеу.ш.	т/п	о/м	ж/к/п	с
---	-------	-----	------	------	-------	--------	-----	-----	-------	---

		НЫСЫ		(см)	(кг)	(см)				
1	Ыбыраева А.	қыз	10	156	47	75	84	82	$f_1 = 51$ $f_2 = 45$ $f_3 = 42$	4
2	Зинаттинова Н.	қыз	10	135,5	29	63	84	86	$f_1 = 57$ $f_2 = 48$ $f_3 = 42$	4
3	Фернебек Т.	қыз	10	139	30	63	90	88	$f_1 = 51$ $f_2 = 45$ $f_3 = 45$	4
4	Дариев Б.	ұл	10	141	34	64	84	82	$f_1 = 51$ $f_2 = 45$ $f_3 = 39$	4
5	Орынғазы М.	ұл	10	137,5	31	62	84	82	$f_1 = 48$ $f_2 = 45$ $f_3 = 42$	4
6	Өрнеш А	ұл	10	146	41	71,5	78	78	$f_1 = 54$ $f_2 = 45$ $f_3 = 39$	4

Кесте 1. №169 мектеп-гимназиясының 4-сынып оқушыларының соматикалық және физиологиялық жүйесінің көрсеткіштері

Қорыта айтқанда, оқушылардың денсаулығын бағалаудың бұдан 40-50 жыл бұрын анықталған физиологиялық көрсеткіштермен бүгінгі таңдағы бар (орныққан) көрсеткіштерді салыстыру арқылы жаңа заман балаларының даму ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда түсінуге болады.

Оқушылардың денсаулығын ғылыми-физиологиялық тұрғыда бағалай білу арқылы белгілі дәрежеде оларға қажетті жағдайда педагогикалық-дәрігерлік көмек көрсетуге көмектеседі.

1. Каплиева А. Рухани құндылық. Биология және салауаттылық негізі. 2008ж.
2. Дүйсембин Қ., Алияқбарова З. «Жасқа сай физиология және мектеп гигиенасы». – Алматы, 2003 ж.
3. Гуминский А.А. и др. «Руководство к лабораторным занятиям по общей и возрастной физиологии» - М: Просвещение 1990г.
4. Төленбек И.М., Джарылқапова С.Е. «Бастауыш сынып оқушыларының денсаулығына физиологиялық тәсілдермен баға беру», – Ізденіс. №2(1)/2012ж.
5. Woods C.B., Tannehill D., Quinlan A., Moyna N., and Walsh J. The Children's Sport Participation and Physical Activity Study (CSPPA). Research Report No 1. School of Health and Human Performance. 2010 <http://www.irishsportsCouncil.ie/Research/Publications/>

УДК 593.1.577

ІЛЕ АЛАТАУ ТОПЫРАҒЫНДАҒЫ ҚАРАПАЙЫМДЫЛАРДЫҢ ТАРАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қауынбаева Э. - Ботаника және зоология кафедрасы, биология магистры
Майматаева А.Д. - Ботаника және зоология кафедрасының аға оқытушысы
Есимов Б.К. - доценті б.к.ғ, ҚазҰАУ

Резюме

Особенности распространение Protozoa почв Заилийского Алатау

В почвах горных лиственных лесов Алматинского заповедника, наряду с экологически

пластичными, широко распространенными чаще преобладают ксерорезистентные виды, обитающие в верхних горизонтах почвы (0-5), а в ельниках – влаголюбивые на более глубоких горизонтах почвы (10-30 см). Видовое разнообразие одноклеточных в еловых лесах выше, что объясняется большей почвенной влажностью под их пологом и более ровными в целом гидротермическими условиями.

Summary

Features spread Protozoa soil Trans-Ili Alatau

In soils of the mountain deciduous forests Almaty reserve, along with eco-plastic, widespread kserorezistetnye increasingly prevalent species found in the upper soil horizons (0-5), and spruce - moisture-loving in the deeper soil horizons (10-30 cm). Species diversity of single-celled in the spruce forests of the above, due to higher soil moisture under their canopy and smoother in general hydrothermal conditions.

Қорықтағы ғылыми жұмыстың негізгі бағыты - биологиялық мониторинг болып саналады. Оның мәселесі биосфераның экожүйесін, оның басқада құрамдас бөліктерінің жағдайын, табиғи өзгерістердің қарқынымен бағыттарын (сукцессиялық, эволюциялық т.с.с.) және адамның іс-әрекетінен туындайтын көп түрлі сыртқы әсерлердің жауап реакциясын үздіксіз бақылау болып табылады /1/. Осыған байланысты экожүйенің жеке құрамы, әсіресе, олардың биоталарын мұқият зерттеу қарастырылған. Басты назар өсімдіктермен омыртқалы жануарларға аударылады. Қорықтарда омыртқасыздар, атап айтқанда топырақ қарапайымдылары сирек зерттеледі. Сонымен қатар, топырақ қарапайымдылары табиғи экожүйенің маңызды құрамы болып саналады. Олар биологиялық айналымда тіршілігін жойған өсімдік қалдықтарын шірітеді /2-5/.

Қазіргі кезде топырақ процесіндегі қарапайымдылардың жеке топтарының мәні бірте-бірте анықталуда. Олар минерализация және органикалық заттардың трансформациясымен байланысты /6-7/. Топырақ қарапайымдылары көптеген топырақта тіршілік ететін омыртқасыздардың қорек ететін объектісі болып табылады. Олар табиғаттағы зат айналым процестеріне қатысады. Бұл топ қарапайымдылардың биогеоценоздағы индикациялы роліне байланысты үлкен қызығушылық туғызады. Оған: санының көптігі, генерация айналымының жылдам болуы, экологиялық көптүрлілік жатады.

Соңғы жылдары еліміздің бірқатар облыстарының топырақтарындағы қарапайымдыларды зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алайда бұл территориядағы аталған фаунаның аяқталуы әлі де алыс. Еліміздің бірқатар аймақтары әлі де толық зерттелмеген. Соның бірі Алматы қорығының қарапайымдылар фаунасы туралы мәліметтер жоқтың қасы. Тауға жоғары көтерілген сайын белдеулер өзгереді де, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің белгілі типтерімен сипатталады. Қорық аумағындағы орман белдеуі теңіз деңгейінен 1300-ден 2700-2800 м биіктікті алып жатыр. Белдеудің төменгі бөлігі жапырақты формалар. Қорықта Сиверс алмасы, абрикос және долана ормандары өзен бойымен теңіз деңгейінен жоғары 1700 м биіктікте кең таралған. Тянь-Шань шыршасынан құралған қылқан жапырақты ормандар теңіз деңгейінен 1400-2800 м биіктікте 6 мың га жерді алып жатыр. Олар жиі солтүстік, әсіресе шығыс бөлігінде көп өседі /10/. Орман белдеуіндегі топырақ - таулы-орманды қара-сұр құнарлы топырақ. Жоғары таулы далаларда қарашіріндісі көп болғанымен, жоғары көтерілген сайын топырақтың құнарлығы төмендейді; яғни, қуаты аз, тастақ болады /1/.

Зерттеудің мақсаты – Алматы қорығының орман топырағындағы қарапайымдылардың экологиясының ерекшелігімен танысу. Сонымен бірге, қарапайымдылар бірлестігінің әр түрлі орта жағдайларындағы тау рельефінің негізгі

әсеріне бейімделу механизмдерін анықтау.

Зерттеу жұмыстары 2009-2011 жж. аралығында жүргізілді. Жалпы қорықтың аймағында 8 өсімдік ассоциациясы зерттелді: 3 шыршалы, 5 жапырақты ормандар, 336 үлгіден құралған 124 топырақ пробасы өңделді. Жиналған материалдар негізінде фауна мен қорықтағы орман топырағындағы қарапайымдылардың таралу құрылымы мен олардың әр түрлі формациядағы ерекшеліктері туралы мәліметтер алынды. Қарапайымдылардың түрлік тізімін құрғанда Levine et al жүйесін қолдандық /11/.

Сан мөлшері жағынан 5 %-ін асқан түрлерді доминантты деп, ал субдоминантты – 2-5%, қалғандары аз мөлшерлі деп есептеледі.

Қорық аумағындағы орман топырағында қарапайымдылардың 42 түрі анықталды. Ормандағы орташа саны әртүрлі өсімдік ассоциациясының 1 г топырағында шамамен 50-ден – 210 мың қарапайымдылар болады. Орта есеппен 130 мың жасушаны құрайды. Топырақтағы қарапайымдылардың тығыздығы неғұрлым көп болса, биотоптың топырақ ылғалдылығы артқанын көрсетеді. Ал аз дәрежеде өсімдік формациясының типіне тәуелді. Осылайша, қарапайымдылар орташа шөпті-папоротникті, мүкті шыршада көп мөлшерде анықталды. Есеп жүргізу нәтижесінде орман өсімдіктерінің ассоциациясында 15- 27 түр тіркелді. Шыршаларда қарапайымдылардың 29 түрі, орташа шөпті-папоротникті шыршаларда 24 түр, мүктіде 19 түр және т.б. анықталды. Түр құрылымындағы ерекшеліктер жапырақты орман фаунасының кедейлігімен емес, осы жерлердегі биотоптардың аз зерттелгенімен түсіндіріледі. Өсімдік ассоциацияларының қарапайымдылар фаунасында түр құрылымындағы ерекшеліктер байқалды.

Жалпы екі негізгі шыршалар мен көктеректер формацияларының топырақтарында қарапайымдылардың 22 түрі анықталды. Біріншіден, олар кең таралған доминантты түрлер. Олар *Cercobodo agilis*, *C. longicauda*, *Mastigamoeba invertans*, *Oicomonas termo*, *Bodo globosus*, *Rhynchomonas nasuta*, *Amoeba limax* Auerbach, 1856.

Екінші топты сан жағынан көп емес, бірақ жиі кездесетін түрлер құрайды. Бұл топқа: *Amoeba gracilis*, *A. limax* Dujardin, 1841; *Bodo caudatus*, *B. lens*, *Paracolpoda steini*, *Colpoda fastigata*, *Cyclidium glaucoma* жатады. Ал қалғаны сирек кездесетін түрлер. Олардың саны зерттелген биотоптарды қайта зерттегенде ғана өсуі мүмкін. Тек қана шыршалардан *Astramoeba radiosa* және *Enchelys farcimen* тіркелген. Күн сәулесі жақсы қызатын оңтүстік бөктердің құрғақ биотоптарында орналасқан теректерге тән *Amoeba velata*, *Vahlkamphfia tachypodia* түрлері анықталды. Аталған биотоптарда ксерорезистентті түр *Thecamoeba verrucosa* көп. Ал шыршаларға негізінен гигрофильді формалар тән.

Фауна ядросын доминанттылар (3-6 әр түрлі ассоциациядағы түрлер) және субдоминанттылар (2-4) құрайды. Бұл 6-10 түрдің үлесіне жалпы санының 70 %-90 %-і тиесілі. Жалпы мөлшерден бөлек (8-12) көптеген түрлер бар. Қарапайымдылардың мұндай құрылымдық топтамасы құрылған тұрақты тепе-теңдікке сәйкес келеді.

Алматы қорығындағы көптеген ормандардың доминанты болып экологиялық пластикалы түр *Cercobodo agilis* сипатталады. Тек қана субальпілі сұлылы ірі шөпті доланалы көгалды аймақтарда бұл түр жалпы кездесетін өсімдіктер қатарына кірмеді. Ал басқа қалған өсімдіктер ассоциациясында жалпы мөлшердің 10%-ін құрайды. Біздің мәліметтерімізде субальпілі шалғындарда *C. agilis* әлі де жалпы санының құрамына кіреді (яғни, теңіз деңгейінен 2800 м биіктіктегі субальпілі шалғындардағы қарапайымдылардың жалпы мөлшерінің 5,3%-ін құрайды), бірақ жоғары көтерілген сайын азаяды. Осылайша теңіз деңгейінен 3000 м биіктіктегі шалғындарда тек жалпы

түрдің 1,5%-ті ғана тіркелді. Ал альпілі аймағында болса, тек бірнеше даналары ғана анықталды.

Қылқан жапырақты ормандардағы доминанттар санына көп жерлерде таралған *Bodo globosus* кіреді. Жалпы мөлшердің 2%-ін *Rhynchomonas nasuta* құрайды. Бұл түр суық, ылғалды биотопта таралған. Климаты қатал ерекше жағдайларда альпілі қыналы түрлер *Bodo lens*, *Rhynchomonas nasuta* жоғары деңгейді құрайды. Орта есеппен бұл түрлер берілген өсімдік ассоциациясында 21%-ті құрайды. Таудың оңтүстік жарларындағы орналасқан субальпілі әртекті шөпті шалғынды далада *Bodo lens* тіптен кездеспейді. Жоғарыда аталған ормандарда эврибионтты түрлер *Cercobodo bodo*, *Oicomonas termo*, *Bodo saltans*, *Amoeba gorgonia*, *Colpoda maupasii*, *Vorticella microstoma* кең таралған. Шыршалы ормандардың доминанттары болып *Astramoeba radiosa* және *Enchelys farcimen* табылады. Ал, *Rhynchomonas nasuta* екі субальпілі аршалардың және бір шыршалы ормандардың субдоминанты болып белгіленді. Ал көктерек пен доланалы жерлерде олар жалпы түр топтарынан еш шықпаған. Қорықтың ылғалдылығы ең жоғары аймағының оң Талғар өзенінің солтүстік бөлігі шыршалы орман доминанттары ретінде *Colpoda fastigata* тіркелді. Керісінше, жапырақты орманда спецификалық доминант болып ксерорезистентті *Amoeba velata*, *Vahlkampfia tachipodia*, *Amoeba limax* Auerbach, *Bodo minimumus* және кей жағдайда *Amphimonas globosa*, *Colpoda succulus*.

Осылайша, Алматы қорығындағы таулы жапырақты орман топырақтарында экологиялық пластикалы түрлермен бірге кең таралған ксерорезистентті түрлер. Олар топырақтың жоғары горизонтында (0-5 см), ал шыршалы орманда ылғал сүйгіш қарапайымдылар терең горизонтты топырақта (10-30 см) тіршілік етеді.

Шыршалы ормандарда бірклеткалы түрлердің көптүрлілігі топырақтың ылғалдылығымен, гидротермиялық шарттардың тұтастай тік болуымен түсіндіріледі. Екі негізгі формация үшін қарапайымдылардың 22 түріне фауналық негіз біреу ғана. Шыршалар мен көктеректер фаунасының ұқсастығы олардың бірге ұзақ тіршілік етуі. Орман топырақтарының протозойлы фаунасының құрылымы біртепті және тұрақты құрылған бірлестіктерге сәйкес болады: ядроны бірнеше (3-6) доминанттармен субдоминанттармен (2-4) тұрады, яғни жалпы мөлшердің 70%-80%-ін құрайды. Сонымен бірге аз мөлшердегі түрлерде (10-н 20-ға дейін) кездеседі.

1. *Зверев М.Д., Проскураков М.А. Алматинский заповедник. Алма-Ата, 1979, 96 б. Қайнар,*
1. *Гиляров М.С. Роль почвенных животных в круговороте веществ в биогеоценозах / Очередные задачи биогеоценологии и итоги работы биогеоценологических стационаров, Л. 1971, 23-27 б.*
1. *Стриганова Б.Р. Сравнительная характеристика деятельности разных групп почвенных беспозвоночных в процессах разложения лесной подстилки // Экология, 1971, № 4, 36-43 б..*
1. *Николюк В.Н., Мавлянова М.И. Биомасса простейших как показатель окультуренности и плодородия почв / Проблемы и методы биологической диагностики и индикации почв, М., 1976, 278-292 б.*
1. *Schonborn W. Ermittlung der Jahresproduktion von Boden-Protozoen Euglyphidae (Rhisopoda, Testacea), Pedobiologia, 1975, Bd.15, S. 415-425*
1. *Гельцер Ю.Г. Метод изучения аллелопатического влияния проростков растений на ризосферную микрофлору / Физиолого-биохимические основы взаимодействия растений в фитоценозах, Киев, 1971. Вып.2, 188-189 б.*

1. Курчева Г.Ф. Роль почвенных животных в разложении и гумификации растительных остатков, М., Наука, 1971, 156 б.
1. Есимов Б.К. Влияние севооборота и некоторых удобрений на развитие простейших в почвах юго-востока Казахстана, Алматы, Ғылым, 199, 140-146 б.
1. Есимов Б.К. Суқцессия Rprotozoa в нарушенных экосистемах Приаралья / Материалы междунар. Конф. «Проблемы охраны и устойчивого использования биоразнообразия животного мира Казахстана», Алматы, 1999, 118-120 б.
1. Ковшарь А.Ф. Заповедники Казахстана, Алма-Ата, 1989, 112 б.
1. Levine N.D., Corliss J.O., Cox F.E.G. et al. A newly revised classification of the Rprotozoa. J. Protozool, 1980, P. 27-37.

ЭКОЛОГИЯ

ӘОЖ 378:540(072)

ОҚУШЫЛАРДА ХИМИЯ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҮСІНІК БЕРУ

Шоқыбаев Ж.Ә. - п.ғ.д. профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ
Мухамедсыдықова А.Б. - II - курс магистранты

Резюме

В этой статье предлагают методы экологического образования и воспитания студентов и школьников по химии. Даны примеры соответствующих тем по химии.

Summary

Summary

In this article offer methods of ecological formation and education of students and schoolboys in chemistry. chemistry

Қазіргі кезде экологиялық білім беру және тәрбие мәселелері жалпы білім жүйелері дамуының өзекті бағыттарының бірі болып саналады. Экологиялық білімсіз қоғамдық экологиялық сана құруы мүмкін емес. Қазіргі заманда экологиялық жағдайдың адамзатты алаңдатып отыруы тек апатты экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуында ғана емес, сондай-ақ осы қиындықтардан шығу көптеген әлеуметтік және экономикалық қайта құруларды, қомақты қаржыны, айтарлықтай саяси реформаларды қажет ете отырып бүкіл адамзаттың жұмыла бірлесіп қызмет етуін қажет етеді.

Экологиялық проблемаларды шешу үшін ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалану жеткіліксіз. Қоғам тарпынан туып отырған осы мәселеге деген алаңдаушылық пен оны қалың бұқараға жеткізу қажеттігі, сол арқылы экологиялық жағдайды кез-келген адамның бағалай білуіне жол ашу, табиғатты қорғау тек түрлі салалардағы мамандардың ғана емес барлық адамның ортақ мүддесі екенін көрсетеді.

[1]

Осыған орай экологиялық білім мен тәрбие ерте жастан берілуі тиіс. Білім беру жүйесінде үздіксіз және мақсатты түрде жүзеге асырыла отырып, оқушыларға экологиялық білім беру, әсіресе, жаратылыстану пәндерінің басты міндетіне айналып отыр. Экологиялық білім берудің негізі пәнаралық принцип болып табылады, себебі, қандай да болмасын бір ғана пәннің аумағында бұл міндет толықтай шешілмек емес. Жалпы мектептерде экологиялық білім пәнаралық сипатқа ие және химия, биология, география секілді пәндердің мазмұнына енген. Дегенмен де осылардың ішінде химияның маңызы зор, сабақ беру барысында түрлі компьютерлік есептеу аппараттарын монтаждап, оларды іске қосу арқылы, айналадағы ортаның химиялық құрамына зерттеулер жүргізіліп отыруы қажет.

Оқушылардың экологиялық білімді игеруі көптеген жағдайларда оқытудың әдіс – тәсілдеріне, эмоционалды білім берудің деңгейіне байланысты. Оқушылардың экологиялық сауатты болуы үшін белгілі бір табиғат құбылыстарын түсіндіріп, теориялық білімдерін практикалық жұмыстармен ұштастырған абзал. Жаңа материалды түсіндіру алдында проблемалық маңызды сұрақтар қоя отырып, пікірталас тудыра отырып оқыту арқылы біз оқушыларға экологиялық білім бере отырып, бір мезгілде табиғат қорғауға тәрбиелейміз.

Сонымен бірге, сабақ барысында оқушыларға мұнай, мұнай өндіру өнеркәсібінің әсерінен туындайтын экологиялық проблемаларды қалай шешуге болатыны туралы түсіндіру арқылы мұнай кен орындарының қоршаған ортаға тигізетін әсерін есепке ала отырып, оларды барынша азайту үшін керекті қарапайым шараларды түсіндіре кету керек:

- автотранспорт құралдарын тек қана қалыптасқан жолдар бойымен жүргізу, тапталмаған жерлерді бүлдіруге жол бермеу;
- өндіру және тасымалдау кезінде мұнайдың жер бетіне төгілуіне жол бермеу;
- мұнай өнімдері мен пайдаланылған ерітінділерді резервуарларда сақтау сияқты шараларды іске асыру керектігін айтып өту керек.

Ластандырғыш заттар мен адам ағзасына зиянды заттар туралы қарастырғанда, олардың пайдасы мен зиянына тоқтала кетіп, жүйелі түрде оқушыларға экологиялық тәрбие беруге болады. Жалпы, білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиелеу қатар жүреді. Осы екі жүйені қатар жүргізу арқылы химия сабағында оқушыларға экологиялық білім беру мен тәрбиелеу мәселелерін шешіп отыруға болады.

Өзек өртер өкінішті экологиялық жайттарға болашақта жол бермеу оқушыларға, студенттерге бүгінгі таңда экологиялық білім мен тәрбие беруді талап етеді. Айналадағы ортаның ластану себептеріне:

- а) жер жүзінде қоныстанушы халықтар санының өсуі;
- ә) көптеген минералдар мен қазба байлықтар (ресурс) көзінің тозуы;
- б) өндіріс орындарында шикізат көздерін шексіз пайдалану;
- в) табиғаттың химиялық, биологиялық өзгеріске ұшырауы;
- г) адамдардың айналадағы ортаға жанашырлықпен қарамауы;
- ғ) тұщы сулардың өте азайып кетуі және т.б.жатады және жергілікті экологиялық проблемаларды шешуде оқушылардың практикалық іс-әрекеті дағдыларын дамыта отырып, туған өлкесінің «Қызыл кітабын» ұйымдастыру жөн.

Орта мектептерде, колледждерде оқушыларға экологиялық білім беру бірнеше талаптарды қажет етеді, олар:

1. Оқу жоспарларын, оларға сәйкес оқулықтар мен оқу әдістемелік құралын жасау, мектеп ішілік және мектептен тыс жұмыстарды ұйымдастыру.
2. Мұғалімнің экологиялық білімінің дайындық деңгейі.

3. Жаратылыстану пәндері бойынша кіріктірілген пәндер арқылы экологиялық білім беру.

Экологиялық ұғымдар сабақтастық тұрғыда ғана әрекет етеді. Ол – заңды құбылыс, өйткені табиғатта басы артық еш нәрсе болмайды, бәрі де бір-бірімен байланысты түрде ғана жүзеге асады. Яғни сабақтастық-табиғаттың бір тұтастығы туралы оқушылардың экологиялық ойлау қабілетін үнемі дамытып отыратын маңызды ұстаным. Экологияны оқыту жалпы жаратылыстану ғылымдарының тәжірибесінен әдіснамалық теориядан бастау алатыны сөзсіз. Экологиядан білім беру барысында оқушыларға берілетін оқу– тәрбиелік жұмыстарының ең маңызды мақсаттары мен міндеттерін басшылыққа алу керек. Олар-оқушылардың қоршаған орта туралы білімдерін ұдайы кеңейтіп ғылымға деген қызығушылығын, шығармашылық белсенділігін, практикалық іс-әрекеті мен қабілетін дамыта отырып, зерттеушілік қабілетін ашып және жергілікті жердің экологиялық проблемаларын шешуде жеке басының жауапкершілігін қалыптастырады .

Мектептен, сыныптан тыс экологиялық жұмыстар.

1. Оқушылардың білімі мен тәрбиесінің дамуы, ол оқу іс-әрекетінде белсенділігін арттыруында, бағдарлама бойынша берілетін экологиялық мазмұндағы материалдарды тез меңгеруіне жәрдемдеседі ;

2. Сыныптан тыс экологиялық жұмыстарды өткізу және оған дайындық барысы оқушылардың табиғатқа бақылау жүргізуіне, қарапайым тәжірибелер жасай білуіне мүмкіндік береді;

3. Сыныптан тыс жұмыстардың тәрбиелік мәні жоғары. Ол оқушылардың жеке басын, табиғатқа деген сүйіспеншілігін және оның байлықтарын қорғау жөніндегі жауапкершілік сезімін қалыптастырып, табиғатқа деген жеке мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуге көмектеседі [2].

Оқушыларға экологиялық тәрбие беруге байланысты сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстардың түрлері өте көп, бірақ олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бола тұрса да бірдей орындалуға тиісті мынадай ортақ ұстанымдар бар:

Сыныптан және мектептен тыс экологиялық жұмыс түрлеріне оқушыларды қатыстыру тек қана ерікті түрде іске асырылады. Жүргізілген қандай жұмыстың түрі болса да оның белгілі бір қоғамдық бағыты болуы керек. Сыныптан тыс жүргізілген экологиялық жұмыс түрін белгілеуде оқушының өзіндік көз қарасына, ұсынысына, қызығушылығына сүйенген жөн. Ұйымдастырылған экологиялық жұмыс түрлері оқушылардың белсенді қатысуына, ізденушілігіне бағыттайтындай болуы керек.

Жұмыс нәтижелі болуы үшін, оның белгіленген күні, мерзімі болуы тиіс. Экологиялық тәрбие жұмысының кешенді түрде іске асырылу талабы үнемі сақталып отырылуы қажет. Сыныптан және мектептен тыс экологиялық тәрбие жұмысына оқушыларды түгелдей қатыстыру жолын қарастыру. Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізгенде оқушылардың жеке қабілеттіліктерін ескеруіміз қажет. Экологиялық үйірмелер мен ұйымдар құру. Міне, осылай химиядан экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы сабақты түрлендіріп өткізетін болсақ, онда қоршаған ортаға тигізген бірден-бір көмегіміз болар еді [3].

Экологиялық білім беру және ағарту, мамандардың біліктілігін арттыру саласындағы қызметті мемлекеттік органдар, білім беру, мәдениет және ғылым ұйымдары, табиғат қорғау мекемелері, табиғатты пайдаланушылар, қоғамдық бірлестіктер, жекелеген жетекші педагогтар мен ғалымдар ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Табиғаты қорғау мен табиғат байлықтарына ұқыптылықпен қарауға белсенді

азаматтық ұстанымды тәрбиелеу білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің басым міндеттерінің бірі ретінде танылады.

1. Цветков Л.А. *Общая методика обучения химии*. М., Просвещение, 1982ж

2. Д.М.Кирюшкин, В.С.Полосин. *Химияны оқыту методикасы*, Алматы, 1984ж

3. Зайцев О.С. *Методика обучения химии* М., «Владос», 1999

ӘОЖ 613.82:302 (574:51)

ДЕНСАУЛЫҚ – ӘЛЕУМЕТТІК БАЙЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ

З.С. Конофеева – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың анатомия, физиология, гигиена және тіршілік қауіпсіздігі кафедрасының доценті

Г.С. Қазыбаева - Қайнар университетінің аға оқытушысы

Бақытты өмір сүру және ұзақ
жасау әркімнің өз ісі!
А.М.Кирхенштейн

Резюме

Главной целью этой статьи является формирование понятия о здоровье человека и как достичь эффекта и всеобщего успеха в поднятии уровня санитарной грамотности, в сохранении и укреплении здоровья и повышении нравственности.

Summary

The main aim of the article is the forming of the idea of men's healthy lifestyle of human being, and about the achieving of the improving of level of sanitary education, strengthening of health and promotion of morality.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан 2030» Жолдауындағы ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі – «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты» тармағында «...азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сау болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін азаматтарымыздың салауатты өмір салтына әзірлеу» қажеттілігі көрсетілген. Осы ретте елімізде салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытына білім беретін жұмыс үдетіле түсуі қажет-деп көрсетілген [1].

Қазақстанда соңғы жылдары демографиялық көрсеткіштердің нашарлап, халықтың табиғи өсімі төмендеп, ауру-сырқау мен өлім-жітім көбеюде. Бұл, әсіресе, балалармен жастардың денсаулығы қауіп төндіруде. Аурулар санының өсуі адамның болашағына қауіп төндіріп отырған жағдайда салауаттанудың пайда болуы заңдылық.

Ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, салауатты өмір сүру деген біздің түсінігімізде адамның күнделікті тіршіліктегі қалыптасқан адами болмысын зерттейтін ғылым деуге болады.

Бұл ілімнің негізгі мақсаты адам денсаулығын сақтау және қалыптастыру болғандықтан, бүгінгі таңда бүкіл өркениетті елдерде салауатты өмір сүру қағидасын адам организмінің дұрыс қалыптасуын зерттейтін ғылым ретінде қарастыруда. Жалпы, адам баласының ең әуелі денсаулығы қоршаған орта, яғни, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың негізгі заңдылығын білуіне негізделген.

Адам баласы дүниеге келгеннен кейін одан ары даму процесінде жетілуі үшін не білуі керек? Айталық, дұрыс тамақтану, тазалық сақтау, таза ауада дем алу, үнемі

қозғалыста болу, т.т. толып жатқан қағидаларды орындау керектігін әрбір адам ешқандай ғылымның іліміне сүйенбей-ақ біледі. Әрине, адам баласының ұзақ өмір сүруі үшін қалай қалыптасу керек, адамның адами болмысы қандай болу керек дегенде, кімде-кім болмасын кібіртіктейді. Себебі, барлығы дұрыс тамақтана білу, денешынықтырумен шұғылдану, ішімдік, нашакорлықпен айналыспау, т.б. деген жалпылама ұғымдарға ғана байланысты емес.

Егер әр адам санасына салып, табиғаттың өзіне сыйлаған мүмкіндіктерін орынды пайдаланса, денсаулығына зиян келтірмесе, ұзақ өмір сүруге болар еді. Сол себепті, болашақ мұғалімдерді дұрыс өмір сүруге баулу, сондай өмірдің қажеттілігіне санасын ояту. Әрине, жеке бастың тазалығын білмейтін жастар жоқ, ол мектеп бағдарламасына енгізілген. Бірақ, оған көпшілігіміз күнделікті өмірде аса мән бермейміз. Оның басты себебі өз бойымызда қалыптасып қалған санасыздығымыз, жалқаулықты жеңетін күш-жігердің әлсіздігі. Ауырып, ем іздегенше, сау жүріп салауатты өмір сүріп, ауырмаудың жолын іздеген анағұрлым тиімдірек.

Біздің қазақ жастарының салауатты өмір сүру жөнінде сауаты жоқтың қасы десек, артық айтылған емес. Бұдан шығатын қорытынды, салауатты өмір сүру қағидасын педагогика ғылымының бір бағыты, болмаса, бұтағы ретінде қарауға болады. Демек, жеке бастың әдебі, сауықтыру жұмыстарының теориялық-практикалық жақтарын қамтып, болашақ жастарды салауатты өмір сүруге тәрбиелеу керек.

Денсаулық - әлеуметтік байлықтың негізі. Демек, әр адам өзінің де, басқалардың да денсаулығы үшін қоғам алдында моральдық жағынан аса жауапты. Моральдық жауапкершілік денсаулыққа мейлінше сақтықпен қарауды ескертеді, өйткені ол - адамның ойдағыдай тіршілік етіп, өз қабілетін шығармашылық түрде жүзеге асырудың қажетті шарты.

Денсаулығы жоқ, жастар ойлаған істерін іске асыра алмайды, күш-қайраты мен қиялына кедергі болады. Аурудың алдын алу осы заманғы педагогика ғылымының негізгі бағыты болуы керек. Бұл салада біздің республика көлемінде әлі де болса ғылыми зерттеу өз деңгейінде жетті деуге болмайды.

Педагогика ілімінің негізгі зерттеу объектісі адам болғандықтан, оның тәжірибе жүзінде қалай қалыптасу анықтамасы толық айқындалды ма деген талас пікір бар. Бірақ, адамды тек педагогика ілімі ғана зерттеп қоймайды, тәжірибе жүзінде бізге белгілі жаңа ғылыми жетістіктердің бәрі міндетті түрде адамға арналған. Адамның адами болмысының дұрыс қалыптасуына осы ілімнің бүгінгі таңдағы зерттеушілері тиянақты мән бере бермейді. Айталық, негізгі объектісі ретінде адамды зерттейтін көптеген ғылыми бағыттар бар. Ол медицина, биология, анатомия, физиология, педагогика, психология, т.б. әрбір ілімнің өзінің көңіл бөліп зерттейтін объектісі, өздеріне керекті қызықтыратын ерекшеліктерін анықтайды. Яғни, адам организмі көпфункционалды объекті ретінде зерттелуі керек.

Болашақ жастарды салауатты өмір сүруге тәрбиелеп, олардың мәселелерін дұрыс шешуге тәрбие және оқыту теориясы мен практикасына баса көңіл бөлінеді. Тәрбие - адам қоғамында ғана болатын қоғамдық құбылыс, адамдардың саналы әрекеті.

Адамда денсаулықтан асқан бақыт та, байлық та жоқ. Ал, адамның денінің сау болуы тек қана өзіне байланысты. "Ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады" демекші, денсаулықтан айырылу оңай да, сауығу тіптен қиын.

Мысалы, көп адамдар түсінбеушілігінен ауырса, медицина бізді емдеп, жазады деп ойлайды. Дұрыс, медицина ауырып келген адамды емдейді, ал, аурудың алдын алудың және алдына келтірмеудің шараларымен шұғылданбайды. Яғни, аурудың

алдын алу - осы заманғы педагогика ғылымының негізгі бағыты болуы керек.

Аталған мәселені қарастыруда, халқымыздың күнделікті өмір сүру тіршілігінде қалыптасқан ұлттық дәстүрлі тәрбие жүйесі негізге алынуы керек. Халықтың дәстүрлі тәрбие жүйесінде салауатты өмір сүру әуелі жанұядан басталады.

Біздің болашақ жастарымыздың денсаулықтарын жоғалтып, майдаланып гендерін жоғалтып жібермей тұрғанда, білім беру жүйесінде балабақшадан бастап, барлық жоғарғы оқу орындарына дейінгі буындарында оқытуды толығымен қолға алатын уақыт келген сияқты.

Салауатты өмір сүру педагогикасы жеке бастың, яғни, біртұтас адамның даму процесінде өзінің денсаулығын сақтай білуге тәрбиелейді. Біздің тұжырымдамамызда салауатты өмір сүрудің қағидалары мынадай болуы керек:

Салауатты өмір сүрудің алғы шарттары:

Бүгінгі бізге жеткен тарихи деректерге сүйенсек, бүкіл әлемді жаулап аламын деген Шыңғысхан Әмударияның жағасында ауырып жатып, Қытайдың ең атақты емшісі ЧаньЧунь Сию Изиді іздетіп алдыртыпты. Ол келген соң: "Ей, қасиетті емші! Сенің сонша қашықтан Қытай, Монғол, Жетісу асып келгенінді біліп отырмын. Менің мәңгілік өмір сүруімді жүзеге асыратын қандай дәрің бар?" - деп сұрапты. Сонда емші: "Өмірді уақытша ғана сақтайтын дәрі бар, ал, мәңгілік өмір сүргізетін дәрі жоқ" - деген екен. Сол айтқандай, батпаққа батқан пілді пілдің ғана шығаратыны сияқты, байлық та, тіршіліктің берекесі де, ұзақ өмір сүрудің кілті де әр адамның, яғни, жеке бастың өз қолында демекпіз.

Сондықтан да, адамзат баласы сонау ықылым заманнан бері ұзақ өмір сүрудің жолын қарастыруда. Кезінде осы қағиданың негізі болған Аристотельдің "жанды дене қозғалмаса, өледі",-деген қағидасы сол дәуірден бері адамзаттың ұзақ жасауының, яғни, салауатты өмір сүрудің негізгі ілімі болып табылады.

Адамзат күні бүгінге дейін, ұзақ өмір сүрудің жолын қаншалықты іздегенімен, жетістіктің нәтижесі көрінбейді. Кезінде ХҮІІІ ғасырдағы дүние жүзіне әйгілі француз дәрігері Ж.Тиссо: «Қандай да болмасын ауруға қолданатын дәріні жүйелі түрде орындалатын дене қозғалысы ғана алмастыра алады. Ал, дүниедегі емдеудің барлық құралы адамның саналы түрде орындайтын қозғалысын алмастыра алмайды», - деген еді. Демек, осындай ғылыми қағидаға сүйенсек, ұзақ өмір сүру үшін адамға қозғалыс керек екен.

Сонда дене қозғалысы дегеніміз не?

Адамзат жаратылысынан бері таңертең орнынан тұрғаннан кешке қайтадан орнына жатқанға дейін қозғалыста болатындығы баршамызға аян. Бұл қозғалыс ұзақ өмір сүру мақсатында денсаулықты сақтау үшін адамның күрделікті тіршілік талабын қанағаттандыра алмайды. Сондықтан, денсаулықты сақтау үшін қосымша саналы түрде орындалатын қозғалыс жүйесі керек.

1903 жылдың қаңтар айында Мадридте медицина бойынша өткен әлемдік конгресте И.П.Павлов: " ... Өкінішке орай, күні бүгінге дейі адамның ішкі дүниесінің сыртқы дүниемен теңесуінің ғылыми атауы жоқ" , - деген еді. Демек, адамның ішкі құбылыстарының өзгеру процесі тек қана сыртқы құбылыстың әсерінен болатындығын біліп, одан кейін адамның жаны қайда деген ілімді іздеген И.П. Павловтың айтқанын біздер ғасыр өткен соң ғана есімізге алып отырмыз. "Әсіресе, бүгінгі таңда табиғи

құбылыстардың бұзылуы әсерінен жандының өмір сүруіне қиянат жасалатын тарихи кезең басталды. Тіпті, адамзаттың жер бетінен жойылып кету қаупі туды".

Алланың әмірімен табиғатқа билік жүргізу адамзаттың міндетіне жүктелгендігін

азсынған болуы керек, адам енді саналы түрде табиғаттың табиғи болмысын өз қолымен бұзып, бүгінгі таңда өзін-өзі жоюға әрекеттенуде. Біздің түсінігімізде бұл құбылысқа ғылыми анықтаманың керегі жоқ.

Сонымен, адамзаттың жер бетінен жойылып кету қаупі төнген тарихи кезең туғанда не істеу керек? Адам баласы қалай өмір сүру керек? Болашақ өмірді жалғастыру үшін бүкіл әлем бойынша әр халық, әр ұлт енді өзінің ұлттық болмысын, денсаулығын сақтауды қарастырғаны абзал. Демек, бүгінгі таңда Қазақстанда күн тәртібінде тұрған аса әлеуметтік маңызы зор мәселенің бірі – халықтың және ұлттың денсаулығын сақтау. Себебі, республика көлемінде әр түрлі асқынған дерттерді (СПИД, әр түрлі ісік, мерез, сары ауру, т.б.) айтпағанда, жалпы елдің 70% астамы айқындалған ауруға шалдыққан. Бұл жағдай, әсіресе, егеменді ел болғаннан бері қарай, білім беру жүйесіне реформа жүргізудің салдарынан жастардың салауаттық тәрбиеден сырт қалуы келеңсіз жағдайға соғып отыр. Яғни, ата-ананың, мұғалімнің, жалпы оқу орындарының бақылауынан тыс қалғандықтан, оқушы, студент жастар ішімдікке, есірткі тартуға, қыздарымыз жезөкшелікке салынып, өз денсаулықтарын жоюда.

Республиканың денсаулық сақтау ғылыми орталығының, анықтамасына жүгінсек, бүгінгі таңда осындай жауапсыздықтың салдарынан оқушы жастардың 85-пайызына жуығының жалпы денсаулығында кемістігі бар. Соңғы екі жылда 7 жастан 16 жасқа дейінгі жасөспірімдердің денсаулығы "шоқпар мен дабыл қағатын" күйге келді. Бұлардың 80-пайызынан астамы ішімдік ішумен, есірткі тартумен айналысса, осы жастағы қыздарымыздың осынша пайызға жуығы жыныстық қатынаста болғандығы анықталды.

Келесі мәселе - адам баласының өз қолымен жасаған "табиғат тепе-теңдігінің бұзылуы" еш уақытта ақшамен қалпына келтірілмейді. Табиғаттың бұзылған тепе-теңдігін ақшамен қалпына келтіремін деп ұрандау тек капиталистердің дүние тіршілігі ақшамен істеледі деген қағидасы. Бір мысал алайық, атом радиациясының кеселінен су кепті, тұз тозаңға, топырақ күлге айналды, тас үгітілді, өсімдік өсуін тоқтатты, ауа қозғалысы өзгергендіктен, жер бетіндегі тіршілікті жойып барады және т.т. Міне, бұл табиғат тепе-теңдігінің бұзылуы. Бұл - адамзаттың бүгінгі тіршілігіне қауіп төнді деген сөз. Жоқ, тіпті адамзаттың болашағына қауіп төніп тұр, оның жер бетінен жойылып кетуі мүмкін. Бұған бір мысал келтірейік. Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс қаласында бір тәулікте дүниеге келген нәрестенің 8-інде қозғалыс-тірек қимыл аппараты жоқ яғни, жамбастың тесігі мен ортан жіліктің ұршығы қосылмаған. Екеуінде жамбастың шұңқыры мен жіліктің ұршығы жоқ. Демек, бұл екі адам өмір бойы орнынан қозғалмайды деген сөз. Ал, қалған 4 нәрестенің ғана қозғалыс-тірек аппараты орнында болып шықты.

«Ең күрделі экологиялық проблеманың бірі – радиактивті қалдықтардың шоғырлануы мен сақталуы, оның өз қоймалар мен үйінділерде 232,9 млн. Тоннаға, активтілігі 13,2 млн.кюриге жетті» -деп Е.К.Найзағараеваның еңбегінде көрсетілген.[2]

Экологияның төмендеуіне байланысты, яғни қоршаған ортаның тез ластануына байланысты адамдар арасында көптеген ауру түрі пайда болды. Соның ішінде бұрыннан белгілі рак пен аллергия секілді дерттермен қоса, организм иммунитетінің әлсіреуі, сондай-ақ бұрын белгісіз сырқат түрі етек алды. Әсіресе әйелдердің кемтар бала тууы жиілей түсуде. Ел президентінің Қазақстан халқына Жолдауында былай деп атап көрсетілген «нашар экологиялық жағдай өлімнің 20 пайызына себепші, ал кейбір өңірлерде жағдай тіптен мүшкіл». [3]

Бүгінгі әлемдегі экологиялық катаклизмді қандай миллионер қандай ақшамен сатып алып қалпына келтіреді? Әрине, ешкім де келтіре алмайды. Шындығында, қазақ

халқын бүгінгі апаттан құтқарамыз десек, елді экологиялық аймақтардан құнарлы жерлерге көшіру керек. Сондықтан бұл айтылған қағида адамның арманымен пара-пар болып отыр.

Ойымызды қорытып келгенде, денсаулықты сақтаудың жолы, әр адамның қаншалықты ұзақ өмір сүру мүмкіндігі - жас па, кәрі, ме, әйел ме, еркек пе, айналып келгенде, өзінің қолында дегіміз келеді. Осындай қағидалардың негізіне сүйене отырып, жеке бастың салауатты өмір сүру мәселесінің негізгі бағыты ретінде осы пайдалы мәліметті ұсынып отырмыз.

1. *Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» бағдарламасы.*

1. *Е.К.Найзағараева. Әлеуметтік экология пәні, Алматы.Қ.Р ҒЖБМ Философия және саясаттану институты. 1999*

1. *Н.Ә.Назарбаев Қазақстан-2030 барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Алматы.Білім 1997.*

ӘОЖ: 711.4

АДАМ, ҚОҒАМ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ АРАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАС КОНЦЕПЦИЯСЫ

Қ.Ш. Мұса – доцент, г.ғ.к. Абай атындағы ҚазҰПУ

Е.Т. Хорғасбай - ГЭФ студенті

Резюме

В статье рассмотрены концепций взаимодействия человеческого общества и окружающей среды. Эти концепций являются научной основой для решения проблем взаимодействия общества и природы.

Summary

Given article deals with concepts of interaction between society and environment. These concepts are scientific base for resolution of problems of interaction between society and environment.

Қоғам мен қоршаған орта арасындағы жаңашыл қарым- қатынас тарихи тұрғыда қалыптасып келеді. Бірақ та, алғашқы өзінің даму барысында адамзат баласы жабайы жануарлардан аз ғана айырмашылықтар жасады, от пен тасты игеру барысында адам қоршаған ортаға иелік ете бастады. Тарихты зерттеушілер адам мен қоршаған орта арасындағы өзара әрекеттестікті 3 негізгі топқа бөліп қарастырады:

- табиғи энергия көзін пайдалану барысындағы қол еңбегі ;
- жасанды энергия шикізатын пайдалану негізіндегі машина өндірісі ;
- ақпаратты қолдану мен қайта өңдеудің автоматтандырылған өндірісі (Э.В. Гирусова, 1976; Е.Я. Режебека, 1986)[1].

Адамзат баласының пайда болған уақытынан бастап (3 млн. жыл бұрын), олардың от пен тасты игеру уақытына дейінгі аралықта қоршаған орта мен адамзат бейбітшілікте өмір сүрді. Адамдардың тасты қару- жарак ретінде игеруіне шамамен 5 мың жылдай уақыт кетті (неолиттік революция). Осы уақыт аралығында адам баласы табиғатты өз керегіне қарай таңдап және икемдей бастады. Еңбектің қарапайым жарақтары мен механизмдері пайда болды. Сонымен қатар адамзат қоғамы терімшіліктен аңшылыққа көше бастады.

Шамамен 10 -15 мың жыл бұрын, алғашқы ауыл шаруашылық революция өндірісті өндіруді қамтамасыз етті. Адам баласы тек өзін ғана емес, сонымен қатар отбасын және де сұлтандар мен олардың жасақтарын да асырады.

Сонымен қатар б.з.д 9-7 мың жыл бұрын мыс, күміс, алтын және де темірдің ашылуына орай, қоғам осы металдарды өндіре бастады. Б.з.д 7-5 мың жыл бұрын бұл металдар Қытайда, Үндістанда, Мысырда белгілі болған, сондай- ақ б.з.д 5-4 мың жыл бұрын мыс, мырыш және қорғасын өндіретін тау- кен ісі Батыс Азияда, Солтүстік Африкада, Үндістанда дамыды. Сол уақытта жекелеген кен орындарының тереңдігі 100м-ден төмен болған (Нидерланды) [2].

2000 жыл бұрын шетелде алғаш рет консументтердің антропогендік дағарысы басталды. Бос жерлердің үлесі жетпегендіктен, қоғам игерілмеген жерлерді пайдалануға көшті. Бұл жерлер табиғи суы бар аудандарда еді. Ал, аридті климат аймағында суландыру жүйесі қолданылды. Бұл дәуір қоғамның дамуында екінші ауыл шаруашылық революциясы деп аталды.

Экологтар қоғамның жерді қолдану барысында жасаған шығын көлемін есептеді, ол ХХІ ғасырға дейін шамамен 5 млн. км² жоғары көрсеткішке ие болған.

Қазіргі уақытта пайдалы қазбаларды қолдану қарқынды түрде жүріп жатыр. Шахталар тереңдей түсуде. Адамдар рудаларды өндіруде суды пайдалануды үйренді- бұл судың құлау күші (яғни, механикалық көтергіштер), олар рудалардың белгіленген көлемін шығаруға мүмкіндік береді. Феодалдық қоғам әрекетінен ауыл шаруашылығының дамуы бәсеңдеді. Феодализм кезеңіндегі үздіксіз соғыс салдарынан қоршаған орта зардап шекті. Ең әйгілі адамдардың басқаруы салдарынан колониялар мен әскерлерді шабуылдаумен байланысты болды. Мысалы: Грювалльдтық шайқас, Бородиндық шайқас, Ватерлоо сонымен қатар Бірінші және екінші дүние жүзілік соғыс және т.б. Осындай соғыстар салдарынан адамдар ғана емес сонымен қатар жануарлар мен өсімдіктер әлемі де жапа шекті. Мысалы, С.В.Клубов және Л.А.Прозоров (1993 ж) 100 түрлі сүтқоректілерді адамдардың жойғаны туралы және 225 түріне қауіп төніп тұрғаны жайлы айтқан болатын. Бұл көрсеткіштер соңғы 50 жылға тиесілі болса, ал 1600 жылдан бері 160 құстың түрін қосқанда, олардың 400 түрінің толығымен жойылу қаупі төніп тұр [1].

ХХ ғасыр алдымен минералды шикізаттардың рудаларын қарқынды игерумен, энергетиканың дамуымен, тау- кен өндірісі және де химия өнеркәсібінің т.б. дамуымен

ерекшеленеді. Салыстырмалы түрде XXғ. оларды өндіру қарқыны (50 млрд.т болса), ал XXғ.аяғына таман бұл көрсеткіш (100 млрд.т) құрады. XXғ. техногенездің пайда болуына байланысты бұл көрсеткіштер ғаламдық сипатқа ие болды [3,4]. Сонымен қатар бұл уақытта қоғамда дәстүрлі ресурстардың дамуы өз мәнін жоғалтты. Қоғамның ғылыми- техникалық революциясы мен әлеуметтік- экономикалық дамуы негізінде ақпарат, интернет және ұялы байланыс жетекші ресурстар қатарына жатты. Зерттеушілердің пайымдауынша XXI ғ-да негізгі ресурс ретінде ақша мен ақпарат тек қана қоғамды басқарып қоймай, сондай- ақ ғаламдық масштабта қолданыла бастады.

Қоғам мен қоршаған орта арасындағы өзара қарым- қатынас келесі концепциялармен сипатталады: табиғатты қорғау іс- әрекеті, технократтық бәсеңдік, экологиялық алармизм т.б. (С.В.Клубов, Л.А.Прозоров, 1993).

Табиғатты қорғау концепциясы. Ерте кезден бастап, адамдар қоғамның дамуы үшін қоршаған ортаны ұқыпты пайдалануды түсінді. Қытай жазбалары бізге, б. з.д. 7-5 ғасырларда табиғатты ұқыпты қолдану туралы ережелерін жеткізсе, ал қола дәуірінде табиғаттың кейбір объектілері мен тау-кен өндірісі жұмыстары заңдастырылды. Вавилион сұлтаны Хаммурапидің ағаш сүрегін дайындау кезіндегі орманды қолдану процесстерін ретке келтіру туралы трактаттары белгілі болды (XVII ғ. Б.з.д). Үндістандағы (б.з.д. IIIғ), Грециядағы (б.з.д Vғ) орман қорғау жөніндегі заңдары ерекшеленеді. Польшаның королі Сигизмунд I (XVIғ) қоршаған ортаны қорғау жөнінде бұйрық шығарды. 1874 жылы Ф.Э.Фальцфейн алғаш Ресейде «Чапли» деген қорықты ұйымдастырды, кейіннен бұл атау «Аскания- Нова» қорығы деп өзгертілді. Петр I ормандарды қорғау жөнінде арнайы бұйрық шығарды. XIX ғ. Ресей географиялық қоғамында белгілі ғалым Д.Н.Анучиннің басшылығымен табиғатты қорғау жөніндегі комиссия құрылып, олар табиғатты пайдалануды ғылыми тұрғыда қарастырып, «антропосфера» терминін ұсынды [4,5].

XX ғ. II жартысында табиғатты пайдалану мәселесі шиеленісе түсті. Қоғам мен табиғат арасындағы қайшылықтар табиғатқа өзара кері әсерін тигізді. Бұл уақытта табиғатты қорғау, ғылыми зерттеулердің бір бөлшегі болды. Табиғатты қорғау жұмыстары макроаудандық дәрежедегі геоэкологияға әсер етті. Жекелеген аудандарды күзету және қорғау, сонымен қатар, геосфераның жеке бөлімдерін қарастыру жөніндегі бағдарламалар жасалды.

Технократтық белсенділік концепциясы. Бұл ғылыми бағыт, ғылыми- техникалық прогресс кезінде пайда болып, табиғат пен табиғат ресурстарын пайдалану кезінде қоғамның қоршаған ортаға тигізетін әсерін қарастырады. Ғылымда бұл толқын «алармизм» деген атауға ие болды (ағылшын тілінен аударғанда «қорқыныш, дабыл»). Американдық ғалымдар Денис және Донелла Медоуз 20 жыл бойы ғаламдық дағдарыс мәселесі негізінде қоғамның табиғатты қорғау кезіндегі шешімі жоқ жағдайдан шығу жөнінде жұмыстармен айналысты [5]. 1992 жылы олардың «За пределами роста» атты жұмысы жария етілді. Медоуз және басқа да ғалымдар қоғамның дамуы үшін 3 тұжырым жасады, олар өз кезегінде жеке- жеке қарастырыла бастады:

1) табиғат ресурстарының сарқылуы мен экологиялық дағдарыстар өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық өндірісінің дамуын тежейді;

1) қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мекеме, халықтың ұдайы өсуінен егіншілік жердің жетіспеуі мен экологиялық дағдарысқа ұшырамауын қамтамасыз етеді;

1) практикада табиғат ресурстарын шектемеу салдарынан өркениеттің жойылуы мүмкін;

Авторлар тандау жасауға 3 модельді ұсынды. Біріншіден, әлемде шек жоқ, ал егер ол шектен шығатын болса апат болады. Екіншіден, қоршаған ортаның шегі

болады, олар жақын және адамдар өз қажеттіліктерін бақылай білуі тиіс. Қарама- қарсы жағдайда табиғаттың жойылуы мен апат болу қаупі бар. Үшіншіден, екінші жағдайдағыдай шегі бар, олар жақын, бірақ қоғам ақылға келіп өзінің бойынан күш тауып, босқа уақыт өткізбей, қоршаған ортаны қорғауға ат салысу керек.

Қоршаған орта мен табиғат арасындағы тепе- теңдік концепциясы.

Қоршаған ортаның тұрақты дамуы үшін қоғам мықты және ақылды болуы керек. 1992 жылы қоршаған орта мен Рио- де- Жанейроның дамуы жөніндегі конференцияда: «қоғам мен қоршаған ортаның өміршең болуы тек осылардың арасындағы ғылыми негізде жүзеге асады» деген қорытындыға келді. Сондай- ақ «Жерді сақтау. Тұрақты өмір сүру әдісі» (1991 ж) атты кітаптағы «тұрақты даму» ұғымына қысқаша анықтама берер болсақ, бұл құрлықтан тысқары өмір сүретін адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту. Тұрақты экономика- бұл тұрақты даму, яғни бейімделу әсерінен, білімнің және техникалық мүмкіндіктер мен ақылдылық салдарынан дамиды. 1997 ж Ю.М. Арского мен басқа да ғалымдар бірлесіп, «не болды? кім кінәлі? не істеу керек?» деген экологиялық мәселелерді қарастырғанда, әлемдік экологиялық проблемалар жөніндегі бірлестік экожүйенің жағдайының нашарлауын түсініп, оларды сақтауға және биосфераны тұрақты дамыту жөнінде іс- шаралар жүргізу жөніндегі шешімге келген болатын[2]. К.С.Лосев (2001ж), А.Г.Исаченко (2003ж) және В.М.Разумовский (2003ж) ресурстарды тиімді түрде пайдалану және әртүрлі технология түрлерін қолдануды, экологиялық дағдарыс пен тұрақты дамудың шешімінің бір бөлшегі ретінде қарастыруды ұсынады. Сондай- ақ табиғаттың тұрақты дамуының қолайсыз болуы, оның жаппай қолданылуынан, яғни макроаудандардың экологиялық дағдарысы антропогендік іс –әрекет пен табиғат компоненттерінің даму заңдылықтарын дұрыс танып – білмеу салдарынан екендігі мәлім.

1. Герасимов И.П. *Экологические проблемы в прошлой, настоящей и будущей географии мира.* –М.:Наука, 1985г.- 256 с.
2. Исаченко А.Г. *Оптимизация природной среды.* –М.: Наука, 1980г.
3. Реймерс Н.Ф. *Природопользование.* –М.: Мысль, 1990г.- 502 с.
4. Родзевич Н.Н. *Геоэкология и природопользование.* –М.: Наука, 2003г.-256 с.
5. Одум Ю. *Экология.* –М.:Мир, 1986г.- 700 с.

ӘОЖ 338.47:028.29(574)

ЫРҒЫЗ-ТОРҒАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ РЕЗЕРВАТЫНЫҢ ЭКОТУРИСТІК МҮМКІНДІКТЕРІ

Ж.Б. Қалдыбаева – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы

Резюме

В статье рассматриваются возможности использования экотуристского потенциала Ырғыз-Торғайского природного государственного резервата, Малайдарской озерной системы, Торғайского заказника и прилегающих территорий (горы Жаманшын, минеральные источники и т.д.). Установлено что вышеперечисленные районы обладают широкими возможностями для организации различных видов туристкой деятельности, в том числе внутреннего и местного туризма.

Summary

In the article opportunities of use of ecotourism potential of Irgiz Torgay natural state reserve are considered, Malaidar lake system, Torgai wildlife sanctuary and adjoining territories (mountains of Zhamanshin. Mineral springs). It is established that set forth above areas have ample opportunities for organization of different kinds tourism of activity, in that number internal and local tourism.

Мемлекеттік табиғи резерват – ерекше қорғалатын экологиялық, ғылыми, мәдени-тарихи және рекреациялық құндылығы бар мемлекеттік табиғи қорыққор. Ерекше қорғалатын аумақтың бұл түрі бірегей табиғи кешендер мен нысандарының биологиялық және ландшафттылық әралуандылығын сақтауға, оларда табиғат қорғау, экологиялық-ағартушылық, ғылыми, туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдалануға арналған табиғат қорғау және ғылыми мекеме мәртебесі бар нысан. Жалпы Қазақстанда ерекше қорғалатын аумақтың ауданы 14,5 млн га, ол республиканың жалпы көлемінің 5,3% ғана алады, бұл дегеніміз дүниежүзілік стандарттарға сәйкес келмейді деген сөз (10%).[6]

Мақала Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватының экологиялық-туристік мүмкіндіктері туралы болайын деп тұр. Табиғат берген үлкен сый – «Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты» 2007 жылы ашылды. Жалпы жер көлемі 763 549 га, қазір тағы 410 мың га аумақты резерватқа қосу жұмыстары жүріп жатыр. Ал, зоологиялық қаумал аумағы 290 мың га болады. Нәтижесінде барлығы 1,5 млн. га жер ерекше қорғалатын табиғи аймақ. Бұл Ырғыз ауданының 25 пайызын құрайды. Аталған мекемені құрудағы басты мақсат киікті сақтау, санын көбейту болатын.

Негізінен бұл өңірді Бетпақдаланың киіктері паналайды.[1]

Ырғыз — туризмді, әсіресе, экотуризмді дамытуда қолайлы аймақ. Себебі, мұндатуристергекөрсететінтарихи да, табиғи да ескерткіштеркөп.Туристік, оның ішінде экотуристік әлеуеті жоғары Ырғыз ауданы Ақтөбеден 450 шақырым қашықтықта орналасқан. Мұнда жоспар құрып, алға мақсат қойып шығатындар бар. Олардың арасында Еуропа, Азия, тіпті, әлемнің бар түкпірінен саяхатшылар, зерттеушілер, ғалымдар келеді. Соған қарамастан тау-тасы мен өзен-көлі сыр жасырады, ашылмаған құпиялары ұшан-теңіз.

Табиғи резерваттың Ырғыз өңірінде құрылу себебі, табиғаттың биоалуантүрлілігін сақтап қалу, қорғау және көбейту болып табылады. Сонымен қатар, табиғи резерват аумағы киіктердің Бетпақдала популяциясының миграциялық жолы мен қоректенетін ортасы болып табылады. Ырғыз, Торғай, Өлкейік өзендерінің бассейніндегі 80-ге жуық көлдер жүйесі Дүниежүзілік Рамсар Конвенциясының тізіміне енгізілген сулы-батпақты алқап болып есептеледі.

Құстардың 250 түрі, оның ішінде Қазақстанның Қызыл кітабына енген 32-і түрі бар. Сүтқоректілердің 42, бауырмен жорғалаушылардың 14, балықтың 8, қосмекенділердің 4 түрін кездестіруге болады. 2009 жылдан бастап Малайдар көлдер жүйесіне экотуристік маршрут бекітілді.[6]

Туристерге көрсетуге тұрарлық тағы бір жер — «Торғай» зоологиялық қаумалы (қаумал «Ырғыз-Торғай» резерватына қарайды). Ол — халықаралық маңызға ие Рамсар Конвенциясына енген сулы-батпақты жерлердің статусына лайық деп танылған бірегей аумақ (көлемі — 296 мың га.). Жалпы, Ырғыз өңірінде 80-нен астам көл бар. Оның 60-қа жуығы жыл құстарының жолындағы сулы-батпақты мекен. Қаумал территориясында құстардың 170 түрі кездеседі. Саяхатшылар, міне, осы құстардың тірлігін: қоректенуін, көлдерден балық аулауын, балапандарын тамақтандыруын, ұя салуын, жаудан қорғануын, бәрі-бәрін көруіне болады.

Резерват мамандары ерекше қорғалатын аймақта 57 өсімдік тұқымдасы, 216 туысы, 319-ға жуық өсімдік түрі бар екендігін анықтапты. Құстар да аз емес: 250 түрі бар. Оның 32-і «Қызыл кітапқа» енген.[2,7]

Сонымен қатар саяхатшылар аудан орталығы Ырғыз селосынан Малайдар көлдер жүйесіне барар маршрут бойында орналасқан Кіші жүз қазақтарының Ресейге қосылу шартына қол қойған «Маңтөбе» жеріне орнатылған ескерткішті, ХІХ-ХХ ғасыр аралығында салынған ескерткіш-мавзолейлерге тән Алмат тамы қорымын, құм жоталарын, Ұзынкөл көлдер жүйесін, Малайдар көлдер жүйесін бақылау алаңдары арқылы тамашалай алады. Туристер қамыс арасындағы жасырын бақылау алаңдары арқылы көл бетіндегі, оның жағасындағы табиғи тіршілікпен етене таныса алады.

Экотуристік маршрут қатарындағы «Малайдар көлдер жүйесі» экологиялық-туристік және ғылыми-танымдық мәні зор ерекше аймақ.

Малайдаркөлдер жүйесін бұрын уақытта құс базары деп те аталатын, тіпті, құстан көлдің беті көрінбеуші дейтін. Қазір мұнда жыртылып айырылатын құс жоқ, бірақ әдемі көрініс әзірге сақтаулы. Дегенмен, тез арада табиғи су қорын қалыпқа келтірмесе, осы құндылықтарымыздан қол үзу қаупі төніп тұр.

Мұнда аққу, бірқазан, көкқұтан, ләйлек, тырна, қоқиқаз, сонымен бірге аңшылық маңызы бар тағы басқа құстар тіршілік етеді. «Қызыл кітапқа» енген құстар да осы Малайдар көлінде тіршілік етеді, көбісі жыл құстары болып табылады. Солардың тыныс-тірлігін бақылауға болады. Құстар осы Қызылжар өзегінің бойымен үш көлді мекен етеді. Қызылжар өзегі үш көлді: Малайдар, Асабай, Тайпақкөл көлдерін байланыстырып тұр.[5]

Малайдар көлінен 7-8 шақырым жерден қалың құм басталады. Ол — Қарақұмның сілемі, Нарқызылдың құмы деп аталады. Саяхатшылар сол жерлерде атпен, түйемен серуендеулеріне болады.

Малайдардың солтүстік жағында, 15-20 шақырым жерде сулы-батпақты өлке басталады. Яғни бір-біріне жалғасып жатқан өзен, көлдер жүйесі. Туристерге құстардың тіршілігін байқау үшін көлде қайықпен жүруге мүмкіндік бар.

Тағы бір маршрут «Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерват» аумағына кіретін сулы-батпақты Іріңкөл мен Келтекөл аумағы. Екі көл де құстар қоректенетін, ұя салатын, өсіп-өнетін орын. Бұл маңда тұрмыстық және емдік мақсатта, ас тұзы ретінде пайдалануға болатын Қожагелді тұзы бар.

Экотуристік маршрут желісінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесі таныстырылады. Мұнда қасқыр, шибөрі, борсық, түлкі, қарсақ, қоян, жабайы доңыз, ақбөкен кездеседі. Қызыл кітапқа енген қоқиқаз, жалбағай, бұйра және қызғылт бірқазанды тамыз-қыркүйек айларында көруге мүмкіндік бар.

Дәл осы сапарға Жаманшың қосылады. Ырғыздан 40 шақырым қашықтықта орналасқан Жаманшың туралы 1941 жылы Л.Яншин, А.Вахромеев мақала жариялайды. Онда алып метеориттің құлағаны да айтылған. Ғалымдардың тұжырымдауынша, ең ескі ескерткіш саналатын Жаманшың бұдан 700 мың жыл бұрын метеорит құлағанда пайда болған. Тереңдігі — 700 метр, диаметрі — 5,5 км. Қазаншұңқырдың ішкі жағының құрылымы бірінің ішіне бірі кірген екі түтік тәрізді. Ішкі түтігі төменгі Девон мен Силур дәуіріндегі жыныстардан құрылған. Сондай-ақ онда тас көмір және жанартау қалдықтары да бар. Ал сыртқы қабаты жайпақ ернеулі, палеоген, неоген дәуірлерінің тау жынысынан құрылған. Ғалымдардың айтуынша, шұңқырдың «жас» шамасы 1 млн. жыл. Жаманшыңның айналасынан құрамы, мөлшері және түсі жағынан да әр түрлі жанартау әйнектері мен қымбат минералдар табылған. Жаманшыңның уақыт өте келе бедері өзгеріп, кәдімгі таулар санатына енген. Ел аузында кейде Жамантау деп те аталады.[4]

Бүгінде денсаулығын күтіп, дертіне дауа іздеушілер көп. Шетел асып тұзға түсушілер де бар. Мұндай емдік қасиеті мол тұзды Ырғыз өңірінен кездестіруге болады. Тіпті, қысы-жазы ыстық су атқылап тұратын бұлақ та осында. Тізе берсек, Ырғызда саяхатшыларға көрсететін жер жетеді. Резерват аумағында шипалы су бар. Аты — Ыстықатпа. Көлемі 70-80 метр судың температурасы жылдың төрт мезгілінде де 35-40 градус ыстық болады екен. Бұл су, әсіресе, буын, бел ауруларына ем. Мұндағы балшықтың да өзіндік қасиеті бар.

Дегенмен де адам факторы қалада болсын, далада болсын, түзде болсын айтарлық рөл атқарып тұр. Оның себебі заңсыз іс-әрекетке апаратын аңшылық, браконьерлік жағдайлар. Резерватта бас-аяғы 65 инспектор күні-түні дала сұлуы киікті қызғыштай қорғап келеді. Олардың айтуынша, Қызылордадан келетін браконьерлердің арыны мықты. Мінгендері алып «Джип» пен мотоцикл, қусаң жеткізбейді. Қиын-қыстау кезде жан-жақтағы инспекторлар жұмылып, бар күшті ұры-аңшыларға қарсы жұмылдырады. Инспекторлардың мақсаты – киікті қорғау, құстарды, өсімдіктерді өз қалпында сақтау, тарихи ескерткіштерді кейінгі ұрпаққа жеткізу болып табылады. Резерват ашылған жылы киік саны 7-14 мың болса, бүгінде 85 мыңға жетті. Инспекторлардың жазда түз тағысын қорғауға мүмкіншілігі бар. Дегенмен, «GPRS-ті» қолдану қажеттілігі туындап отыр. Бұл – спутник арқылы бақылап отырған басшылыққа берер есебіне керек.

Ең сорақысы киіктің мүйізін алып, егін тастайды. Қомақты қаржы әкелетін киік мүйізіне көз салушылар көп. Олар жақсы «қаруланған». Киік мүйізі қымбат. Интернет

ақпараттарына сүйенсек біздің елде 80 мың теңге, Қытай елінде 2 мың доллар. Сондықтан, киікті аулаушылар көп. «Джиппен» жүретін браконьерлерге «УАЗ-бен» жету мүмкін емес, олар жолға доңғалақ жарғыш тастап кетеді, оған машина түсіп қалады. Қуып жетіп, ұры-аңшыларды ұстаған күннің өзінде, анық айғақ пен бұлтартпас дәлелмен сауаттылық қажет. Әйтпесе, «бұғанағы қатпаған» заңды әрі-бері бұрмалап, сауатты қорғаушы жалдайтын ұры-аңшылардың қылмысы үшін жауап бермей құтылып кететін кездері болып тұрады.

Болашақта «Ырғыз — Торғай» мемлекеттік табиғи резерватының директоры Нұрқасым Сәрсенбайұлының айтуынша, туристік базаны резерват көлеміндегі үш жерде ашу жоспарланып отыр. Бұл орталықтар — Атан басы жүйесі, Алакөл бөлімшесі және Малайдар көлі.

Алакөл жүйесі — сулы-батпақты өлке. Бұл — құстардың нағыз шоғырланатын жері. Өкініштісі, соңғы жылдары, су қоры азайып, көлдер тартылып жатыр. Сондықтан құстар азаюда.

Атан басы жүйесі — киіктердің мекені. Әсіресе, көктем мен күзде мұнда киіктен көз тұнатын көрінеді. Сондықтан осы мезгілдерде Атан басы жүйесі туристерге қызмет көрсетуге әбден лайық. Туристер киіктердің өсіп, өнетін аймағын, шөл даланы, бұрынғы теңіздің табаны болған жерді көргісі келсе, осы — Атан басы жүйесіне баруға болады. Ыстықатпа ыстық суыосы жүйеде.

Малайдар көлі — қаумалдың жері. Ырғыз ауданының орталығынан 80 шақырым жерде орналасқан.[3]

Сонымен, Ырғыз өңірі — туризм ісін қолға алуда қолайлы аймақ. Дегенменде резерватта Африканың саваннасына сафари жасайтын мүмкіндіктер бірден туындамайды, оған көптеген себептер, кедергілер бар:

1) «Ырғыз — Торғай» мемлекеттік табиғи резерватының ашылғанына аз уақыт болды. Осы қысқа уақыттың ішінде көлемі жөнінен еліміздегі ең үлкен резерватта туризм ісін түбегейлі шешіп тастау оңай емес. Оның ең бастысы дамытатын бағдарламалардың жоқтығы және ең бастысы қаражаттың жеткілікті мөлшерде бөлінбеуі;

2) Ырғыз ауданы облыс орталығынан шалғайда орналасқан. Туристер тамашалайтын Атан басы, Малайдар көлдер жүйесі Жезқазған қаласы, Қызылорда, Қостанай облыстарымен шектеседі. Емі шипа Ыстықатпа ыстық суы аудан орталығы — Ырғыздан 260 шақырым қашықтықта.

3) Жол желісі нашар дамыған. Жолаушылар экотуристік орындарға жету үшін 9-10 сағат жүреді. Сонау шалғайдағы Ақтөбеден шаршап шалдығып келген туристі бірден 100-250 шақырым жердегі туристік орталықтарға алып кету әбестік болар.

4) Туристерді қонақүйлерге аялдатып, тынықтыру керек. Ал Ырғызда қонақүйлер желісі, демалыс орындары жоқ.

Міне, санамалай берсек, туризмді қолға алуда тікелей резерваттың өзіне қатысты емес, шешілуі тиіс проблемалар жетерлік. Бір сөзбен айтқанда, ауданның экотуризмін дамыту үшін, ең алдымен, инфрақұрылымды қалпына келтіріп, қызмет көрсету орталықтарының жұмысын жақсарту керек. Жол желісін жетілдіру үшін Ырғыз бен Ақтөбенің арасына ұшақ қатынасын орнатқан дұрыс болар еді.

Қызылорда, Қостанай, Қарағанды облыстарының территориясымен шектесетін ауданның іргесінен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізі өтіп жатыр. Мүмкін осы дәліз арқылы аудан орталығына инвесторлар тартылар. Салынған жол бүгінде туристерге ашылған қақпамен тең болады.

Ырғызға туристік жол ашылды. Елді көріп, жерді тануды қалайтын әр адам мол

байлықты өз көзімен көре алады. Тек, алыс жол бар демалысты ұмыттырып жібереді әзірге. Әуе қатынасы іске қосылса, инвесторлар мол қаржы құйса, Бірғыздың шипалы тұз-суы, қайталанбас табиғаты таңдай қақтырып, бас шайқатары сөзсіз. Бірғыз туризмінің тар соқпағы, болашақта даңғыл жолға айналады деген сенім ұялатады.

1. www.kk.wikipedia.org.kz

2. www.minagro.gov.kz

3. www.aktobegazeti.kz

4. www.gz.government.kz

5. www.egemen.kz

6. Қазақстанның қорықтары мен ұлттық бақтары. – Алматы: «Алматыкітап». 2006. 284 б.

7. Гаврилов Э.И. Фауна и распространение птиц Казахстана. – Алматы: «Бастау». 1999. 164 с.

ПӘНДЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

ПОЛУЧЕНИЕ И СВОЙСТВА ОСНОВАНИЙ (ШКОЛЬНЫЙ КУРС) ОТКРЫТЫЕ ТЕСТОВЫЕ ЗАДАНИЯ

Мансуров Б.А. - к.х.н., профессор КазНПУ им. Абая

Түйін

Бұл мақалада мектеп химия курсының «Негіздер» тақырыбы бойынша ашық тесттік тапсырмалар құрастырылған.

Summary

The article presents an open test items on the "base" school chemistry course.

Контроль результатов учебных достижений – неотъемлемая часть учебного процесса и тесно связана с методами обучения. Проблема контроля и оценка знаний учащихся всегда была крайне актуальной и непосредственно связана с качеством образования, с компетентностей тех, кто его получает [1]. Традиционные формы и виды контроля результатов разнообразны [2]. Наряду с традиционными формами оценки знаний широкое распространение получило педагогическое тестирование.

Проведение контроля знаний посредством тестовых заданий имеет как достоинства, так и недостатки. В подавляющем большинстве тестовых заданий приводятся варианты ответов, в которых ученик должен выбрать ответ. В открытых тестовых заданиях варианты ответов не приводятся, а дополняются (конструируются) учащимися [3], следовательно вероятность угадывания равна нулю.

1. При взаимодействии калия с водой образуются и водород.
1. При взаимодействии бария с водой образуется и водород.
1. При взаимодействии оксида лития с водой образуется
1. При взаимодействии оксида кальция с водой образуется
1. При взаимодействии сульфата магния с гидроксидом калия образуется и K_2SO_4 .
1. При взаимодействии нитрата кальция с гидроксидом натрия образуется и $NaNO_3$.
1. При взаимодействии хлорида цинка с гидроксидом калия образуется и KCl .
1. При взаимодействии хлорида железа (III) с гидроксидом натрия образуется и $NaCl$.
1. При разложении гидроксида железа (III) образуется и вода.
1. При разложении гидроксида алюминия образуется и вода.
1. При разложении гидроксида меди (II) образуется и вода.
1. При разложении гидроксида свинца (II) образуется и вода.
1. При взаимодействии 23,4г калия с водой образуется основание массой г.
1. При взаимодействии 27,4г бария с водой образуется основание массой г.
1. При взаимодействии 12,88 г натрия с водой образуется основание массой г.
1. При взаимодействии 11,2 г кальция с водой образуется основание массой г.
1. При взаимодействии 28,2 г оксида калия с водой образуется основание массой г.
1. При взаимодействии 33,6 г оксида кальция с водой образуется основание массой г.
1. При взаимодействии 38,44 г оксида натрия с водой образуется основание массой г.
1. При взаимодействии 61,2 г оксида бария с водой образуется основание массой г.
1. Коэффициент перед формулой основания в уравнении реакции взаимодействия

калия с водой равна

1. Сумма коэффициентов перед формулами исходных веществ в уравнении реакции бария с водой равна

1. Сумма коэффициентов перед формулами продуктов в уравнении реакции разложения гидроксида алюминия равна

1. Сумма всех коэффициентов перед формулами веществ в уравнении реакции разложения гидроксида алюминия равна

1. При взаимодействии 5,76 г гидроксида лития с оксидом серы (VI) образуется соль массой

1. При взаимодействии 19,2 г гидроксида натрия с углекислым газом образуется соль массой

1. При взаимодействии 44,8 г гидроксида калия с оксидом серы (IV) образуется соль массой

1. При взаимодействии 20,52 г гидроксида бария с оксидом серы (IV) образуется соль массой

1. При взаимодействии 0,2 моля гидроксида калия с оксидом азота (III) образуется соль массой

1. При взаимодействии 0,2 моля гидроксида бария с оксидом серы (VI) образуется соль массой

1. При взаимодействии 0,15 моля гидроксида натрия с оксидом серы (IV) образуется соль массой

1. При взаимодействии 0,18 моля гидроксида аммония с оксидом фосфора (V) образуется соль массой

1. При взаимодействии 19,8 г гидроксида железа (II) с серной кислотой образуется соль массой

1. При взаимодействии 21,56 г гидроксида меди (II) с соляной кислотой образуется соль массой

1. При взаимодействии 17,6 г гидроксида натрия с азотной кислотой образуется соль массой

1. При взаимодействии 33,3 г гидроксида кальция с фосфорной кислотой образуется соль массой

1. При взаимодействии 0,22 моля гидроксида железа (II) с серной кислотой образуется соль массой

1. При взаимодействии 0,22 моля гидроксида меди (II) с соляной кислотой образуется соль массой

1. При взаимодействии 0,44 моля гидроксида натрия с азотной кислотой образуется соль массой

1. При взаимодействии 0,15 моля гидроксида кальция с фосфорной кислотой образуется соль массой

Ответы

1. гидроксид калия, 2. гидроксид бария, 3. гидроксид лития, 4. гидроксид кальция, 5. $Mg(OH)_2$, 6. $Ca(OH)_2$, 7. $Zn(OH)_2$, 8. $Fe(OH)_3$, 9. оксид железа (III), 10. оксид алюминия, 11. CuO , 12. PbO , 13. 33,6 г, 14. 34,2 г, 15. 22,4 г, 16. 20,72 г, 17. 33,6 г, 18. 44,4 г, 19. 49,6 г, 20. 68,4 г, 21. двум, 22. трем, 23. четырем, 24. шести, 25. 13,2 г, 26. 25,44 г, 27. 63,2 г, 28. 26,04 г, 29. 34 г, 30. 46,6 г, 31. 18,9 г, 32. 53,64 г, 33. 33,44 г, 34. 29,77 г, 35. 37,4 г, 36. 46,5 г, 37. 33,44 г, 38. 29,7 г, 39. 37,4 г, 40. 46,5 г.

1.Чернобелская Г.М. Основы методы обучения химии. М.: Владос, 2000.

1.Методика преподавания химии. под ред. Кузнецовой Н.Е. М. - Просвещение, 1984.

1.Мансуров Б.А. О формах и принципах формирования тестовых заданий по химии. Вестник АГУ имени Абая, серия ест.-геогр. науки, №1 (1) 2002, с. 55-58.

УДК 373.5.026:54.04-32

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОМПЬЮТЕРНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ РАЗРАБОТКЕ ЗАДАНИЙ ДЛЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ

Азимбаева Г.Т. - к.х.н., доцент кафедры химии, КазНПУ

Мусрепбекова Ш.Е. - магистрант 2 курса Института магистратуры и докторантуры PhD, КазНПУ

Түйін

Студенттер өзіндік жұмыс үшін тапсырмаларды әзірлеудің жанында компьютер технологияларының пайдалануы

Студенттердің оқыту үрдісіндегі шығармашылық қабілеттілігін және білім деңгейін дамыту үшін өзіндік жұмыстың (СӨЖ) рөлі көрсетілген. Компьютер технологияларының негізінде органикалық химия курсының оқытуда СӨЖ-ді ұйымдастырудың тиімді формалары қарастырылған.

Summary

Use of computer technologies for development of tasks for independent work of students

There is shown the role of individual student's work (ISW) in education for development of their knowledge and creative abilities. The most effective forms of ISW organization in studying of organic chemistry on the base of computer technology are considered.

В связи с происходящими изменениями в образовательном процессе, как в системе среднего, так и высшего образования все большее внимание уделяется организации самостоятельной работы обучающихся. Студенту предоставляется возможность работать во время учебы более самостоятельно, чем учащимся в средней школе. Студент должен уметь планировать и выполнять свою работу. Самостоятельная работа студентов является обязательной для каждого студента и определяется учебным планом.

При определении содержания самостоятельной работы студентов следует учитывать уровень самостоятельности студентов и требования к уровню самостоятельности выпускников для того, чтобы за период обучения искомый уровень был достигнут.

Для организации самостоятельной работы необходимы следующие условия: готовность студентов к самостоятельному труду; наличие и доступность необходимого учебно-методического и справочного материала; консультационная помощь.

Формы самостоятельной работы студентов определяются при разработке рабочих программ учебных дисциплин содержанием учебной дисциплины, учитывая степень подготовленности студентов.

Самостоятельная работа представляет собой учебную деятельность (индивидуальную или коллективную), осуществляемую без непосредственного руководства педагога, а также по его заданиям и под его контролем. Самостоятельная работа студентов является одной из основных форм внеаудиторной работы при реализации учебных планов и программ.

Информационные компьютерные технологии расширяют возможности, как преподавателя, формирующего задания, так и студентов, выполняющих их. Тем не менее, в задачу преподавателя в первую очередь входит правильно ориентировать студента в огромном потоке информации во всемирной сети, правильно сформулировать задание, которое студенту предстоит выполнить самостоятельно. Этим и ряду других проблем посвящено ряд публикаций, направленных на рациональное формирование заданий для самостоятельной работы студента, разработку методических пособий и руководств по выполнению различных типов заданий.


Таким образом, очевидна актуальность исследований по разработке и совершенствованию заданий для самостоятельной работы студентов с привлечением современных технологий, что и явилось целью настоящей работы. Для достижения поставленной цели необходимо решить ряд задач, главные из которых приведены ниже:

1. Формирование заданий по отдельным разделам курса органической химии.
 2. Разработка задач и упражнений для индивидуальной работы студентов.
 3. Разработка заданий для кратких сообщений, докладов, рефератов, исследовательских работ, самостоятельного составления задач по изучаемой теме.
 4. Разработка заданий для выполнения наглядных пособий (схем, таблиц и др.).
- Химия наука экспериментальная. Умение проводить, наблюдать и объяснять

химический эксперимент является одним из самых важных компонентов химической грамотности. Работа в химической лаборатории с веществами и оборудованием, несомненно, имеет первостепенное значение для развития навыков постановки эксперимента. Но информационные технологии при обучении химии незаменимы в том случае, если идет изучение токсичных или взрывоопасных веществ. В этом случае возможность проведения эксперимента в виртуальном мире является единственной [1].

Виртуальные лабораторные работы в виде модулей могут быть представлены в нескольких вариантах. Это моделирование молекул различных веществ, которые можно посмотреть в виде масштабных, шаростержневых, электронных, линейных моделей с указанием расстояния между атомами, угла между связями. Студент может вращать их в пространстве, управляя мышкой. Для этого типа заданий помимо изготовления шаростержневых моделей органических молекул студентам предлагается создать модель с использованием компьютерной программы ChemOffice3D. Использование компьютерных технологий позволяет создать объемную модель, с которой можно сравнить изготовленную шаростержневую модель и убедиться в ее правильности [2].

Например, шаростержневая модель молекулы пропана, выполненная в программе ChemOffice 3D выглядит так:



Задачи, предлагаемые обучающимся могут быть сформулированы следующим образом:

1. Соберите шаростержневую модель молекулы этана. Аналогичную модель выполните в программе ChemOffice 3D. Вращением вокруг σ -связи С – С получите модели заторможенной и заслоненной конформации этана. Какой из конформеров более устойчив, почему? (см. учебник). напишите стереохимические, перспективные и проекционные формулы Ньюмена для двух конформеров. Нарисуйте атомно-орбитальную схему одного из конформеров и разместите на орбиталях валентные электроны. Укажите тип связей в молекуле и величины валентных углов.

2. Соберите шаростержневые модели двух структурных изомеров: н-бутана и 2-метилпропана. Аналогичную модель выполните в программе ChemOffice 3D. Напишите их структурные формулы.

Эти структурные изомеры имеют различные температуры кипения: $-0,5^{\circ}\text{C}$ и -12°C . Объясните, какой из этих изомеров имеет более низкую температуру кипения? (см. учебник).

3. Соберите шаростержневую модель молекулы циклопропана (для С – С связей используйте длинные стержни). Аналогичную модель выполните в программе ChemOffice 3D.

Напишите структурную формулу и атомно-орбитальную схему этой молекулы (см. учебник). Укажите величину валентных углов в цикле.

4. Соберите шаростержневые модели геометрических изомеров: цис-1,2-дихлорциклопропана и транс-1,2-дихлорциклопропана. Аналогичную модель выполните в программе ChemOffice 3D. Напишите структурные и стереохимические формулы этих изомеров.

5. Соберите шаростержневую модель молекулы циклогексана. Вращение вокруг C – C σ -связей получите конформации кресла и ванны. Аналогичную модель выполните в программе ChemOffice 3D.

Напишите стереохимические формулы этих конформеров. Укажите аксиальные и экваториальные атомы углерода в конформации кресла (см. учебник).

6. Соберите шаростержневые молекулы двух геометрических изомеров: цис-бутен-2 и транс-бутен-2. Аналогичную модель выполните в программе ChemOffice 3D.

Напишите структурные и стереохимические формулы этих соединений и их атомно-орбитальные схемы. Укажите σ - и π -связи, валентные углы и гибридные состояния атома углерода.

Помимо этого, могут быть предложены работы по распознаванию и синтезу веществ [3]. Студенты могут работать индивидуально, работа сопровождается письменной и устной инструкцией. Можно посмотреть анимацию многократно. Оформление отчёта сопровождается фотографированием промежуточных результатов, записью уравнений реакций. Компьютер помогает преподавателю проследить за всеми тонкостями практической работы, чётким соблюдением техники безопасности, правильной последовательностью выполнения опытов, ведь на занятиях студентов много, а преподаватель один и в обычном режиме работы он может не увидеть ошибки в работе студентов.

Виртуальная лаборатория позволяет моделировать механизмы химических реакций, образования различных видов химической связи, использовать лабораторное оборудование, которого возможно нет в лаборатории. Также она помогает подготовиться к практической работе заранее или выполнить её индивидуально в случае пропуска лабораторного занятия. Виртуальная лаборатория доступна всем, так как выложена в «Единой коллекции цифровых образовательных ресурсов».

Разрабатываемые задания направлены на закрепление теоретических и практических знаний обучающихся. Поскольку конечной целью обучения студентов является подготовка специалиста, обладающего определенными знаниями, умениями и навыками, то повышение качества обучения, совершенствование применяемых методов, новых технологий является первостепенной задачей.

1. Нечитайлова Е.В. Информационные технологии, Химия в школе, 2005, №3, с. 36-42.

2. Береснева Е.В. Современные технологии обучения химии. Учебное пособие, М., 2004.

3. Абрамова С.И. Компьютерные технологии на уроках химии // Интернет и образование, Октябрь, том 2009, № 13, с.58-67.

МЕКТЕПТЕРДЕ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН АТА – АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ

Қапанова Б.Ғ. - *биохимия және өсімдіктер физиологиясы кафедрасының аға оқытушысы,*
Макеева А.Ж. - *оқытушы*

Резюме

В данной статье рассматриваются актуальные на сегодняшний день проблемы основ, содержание, целей воспитание.

Summary

This article discusses the current issues of today basis, content, goals, education.

Экология ғылымы – туған өлкенің, ауылдық қалалық санитарлық тазалығын зерттеп, оларды сауықтырудың жолдарын белгілейді. Сондықтан әрбір оқушы өзінің туған өлкесінің немесе өмір сүріп отырған мекеменің биосфераның экологиялық жағдайын білуі тиіс. Алматы қаласының тұрғындары үшін туған өлкесі болып есептелетіні сөзсіз. Алматы қаласының экологиялық жағдайы өте нашар қалалардың қатарына жатады. Сондықтан Алматы қаласының ластануы мемлекеттік астананы Астана қаласына көшірудің бір себебі деп халық есептейді. Алматы қаласының мөлшерден тыс химиялық, физикалық, биологиялық жолдармен ластануы байқалады. Оның негізгі себептері: [7]

1. Алматы қаласында автомобильдердің мөлшерден тыс көбеюі.
2. Жылу қазандықтары мен ірі өнеркәсіп орындарының қаланың ішінде орналасуы.
3. Қаланың оңтүстік жағын Іле Алатауының биік шыңдары қоршап тұруы, олар қала ішіндегі ауаның айналымын қиындата түседі.
4. Қала архитектурасы бұрыннан дұрыс жасалмағаны белгілі.
5. Бензин сататын колонкалардың қала ішінде көбеюі, соншалық олардың санының қанша екенін білу оңай шаруа емес. [6]

Қазір Алматы қаласының экологиялық картасы жасалынды.

Алматының санитарлық жағдайын жақсарту үшін мектептердің және оқушылардың атқаратын рөлі орасан зор. Қазір қала мектептері (№12, №159, №67, №139, №161, №117, №82) өздерін «экологиялық жасақшылар» қатарына қосып, Алматы қаласының экологиясын жақсартуға үлес қосуда. [2]

XXI ғасырдың экологиясы, оның Президенті айтарлықтай жұмыс жасағанмен, оның қорытындылары мәз емес. Өйткені олардың қызмет істейтін белгілі орындары жоқ. «Жас натуралистер» ұйымы бар және т.б қоғамдық ұйымдар жұмыс істейді. [8]

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болуына байланысты жасөспірімдердің рухани байлығын, мәдениеттілігін, жаңаша ойлау мен шығармашылық қабілеттілігін, кәсіби біліктілігі мен білімпаздығын

дамыту орта мектептердің оқу – тәрбие үрдісіне жауапкершілігі мол міндеттер жүктейді. Солардың бірі – жас жеткіншектердің экологиялық білімділігін және биосфера компоненттерін (жерді, суды, өсімдік әлемін, жануарлар дүниесін) қорғау, биологиялық ресурстарды жүйелі түрде пайдалану жөніндегі көзқарастың және танымдық сезімін қалыптастырудың тәсілдерін анықтап, экологиялық білімі мол қоғам мүшесі ретінде тәрбиелеу болып табылады. [8]

Адамзат баласының сана – сезімі, ақыл – ойы, мінез – құлқы айналаны қоршаған сыртқы табиғи орта оларды жоғары деңгейдегі реттеушісі. Ол адамзат баласының мақсатты, міндетті, іс – әрекетін жүзеге асырады.

Жеке Ұлттық тұлға санасы «қоғам жемісінің» туындысы болғандықтан, айналаны қоршаған сыртқы табиғи ортаға көзқарас жүйесі, басқа да іс – әрекеттері оның ойлау қабілетін туындайтынын ғылыми тұрғыда дәлелделінген болатын. Адамзат баласы белгілі бір әлеуметтік ортаға араласып, өзінен бұрын өмір сүрген ұрпақтардың тәжірибелерін, білімін, мәдени және рухани құндылықтарын игеріп, қоғамдық сана – сезімінің түрлі фермаларымен байланыс жасамайынша, дамып жетілмейтіндігі биологиялық ғылымдарда түбегейлі дәлелденген. [9]

Сонымен бірге, белгілі психологтардың ғылыми еңбектерінде, биосфера (ноосфера)- адамзат баласы – қоғам арасындағы байланыстардың мәнін ашуда қарым – қатынас үрдісі адамзат баласының физиологиялық ерекшеліктерімен ғана сипатталынады, оның әлеуметтік және психологиялық даму үрдістері негізінде өзінің іс – әрекетін танып – біліп, өзін танып, бағалауға объективтік жағдай жасайды. [конференция материалдары, Жамбыл, 1996ж]

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оларға экологиялық білім мен тәрбие беруде оқушылардың психологиялық дамуын, айналаны қоршаған сыртқы табиғи ортамен қарым – қатынастарын ескеру үрдістері туындайтынын бір кездерде белгілі педагогтар мен психологтар айтып та жазып та кеткен. С.Л Рубинштейн әрбір жеке тұлғаның айналаны қоршаған сыртқы табиғи орта мен байланысының басты мәндік компоненттерінің бірі – қарым қатынас. [4]

Өйткені қандайда болмасын бір қарым – қатынас психологиялық жағынан психологиялық – биологиялық және экологиялық сезім тұрғысынан көрініс береді, яғни бір іске, немесе оқуға талаптану не идеялогиялық тұрғыда пайымдау сипаты арқылы танылатынының өмірдің өзі көрсетіп келеді.

Психологиялық идеяларды одан әрі дамытушы белгілі психолог – эколог Е.М. Кудрявцева экологиялық білім мен тәрбиенің психологиялық ерекшеліктеріне орай, биосфераны және олардың тірі және өлі компоненттерін қорғауға жұмылдыруда адамзат баласының мінез – құлқындағы сана – сезімге өзгеше мән беріп, оның интеллектуалдық, жеке даралық, физиологиялық дайындық тәрізді басты компоненттеріне көп көңіл бөледі. [3]

Соңғы жылдары оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беретін авторлық бағдарламалар (Т.В. Власова, В.А Еремина, Т. Престула, «Биосфера мен адамзат баласының өзара қарым – қатынасы», 1994ж А.Н. Жиров, «Геоэкология» 1994ж) оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие маңызды орын алуда. Бірақ басқа

мемлекетке жасалынғанғандықтан олардың көпшілік пунктері қазақ баларының психологиялық ерекшеліктеріне сай келмейтіні байқалады. [1]

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттерде экологиялық білім мен тәрбие беру проблемасы толығымен шешіледі деп айта алмаймыз. Экологиялық білім мен тәрбие беру проблемасы толығымен педогогика теориясы мен практикасында жаңа сала ретінде қазіргі кезге дейін қызу қарқынмен жүргізілмей келеді.

Осы кезде халықаралық, экологиялық білім мен тәрбие беру жүйесінде биология ғылымдарында қалыптасқан үш түрлі үлгі бар екенін айта кету орынды. Оның біріншісі – көп пәнді жүйе, екіншісі – бір пәнді, ал үшіншісі – аралас пәнді жүйе. Бұл жүйелердің өздерінің алдына қойған мақсаттары, міндеттері бар. [5]

1. Сарманова К. Перкас Н.К Экологиялық білім беру бағдарламасы «Қазақстан мектебі» 1993ж №8 25б
2. Жарықбаев Б.К «Психология» Алматы, Білім 1993ж 272б
3. Кудрявцева Е.М О некоторых психологических принципах и условии экологического образование. М. Из-во. АПН ССР, 1991ж – 20-26б
4. Кудрявцева Е.М Психологический аспект образования и воспитания средней школы Т.1 Таллин, 1980г, стр 59-61
5. Бақанов «Экологиялық тәрбие туралы» «Қазақстан мектебі» 1993ж №8 25б
6. Бозжанов К.Б Оқушылармен жүргізілетін класстан және мектептен тыс жұмыстар жүйесі. Алматы, 1991ж 72-73б
7. Парманов Н.Т Экология және табиғат қорғау Алматы 1992ж -125б
8. Иманбердиева С. Экологиялық білім беру «Қазақстан мектебі» 1993 №6, 58-61б
9. Ақмурзина Н. Экологиялық сауаттылық мәдениеттілігі «Қазақстан мектебі» 1998ж №7, 63б.

БОЛАШАҚ ХИМИЯ МҰҒАЛІМІНІҢ ҚОҒАМДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН МІНДЕТІ

Шаймардан З. - *1 - курс магистранты,*

Азимбаева Г.Е. - *х.ғ.к., доцент,*

Бутин Б.М. - *х.ғ.д., профессор*

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Резюме

В статье приводятся материалы о роле и задачах будущего преподавателя химии в современном обществе.

Summary

The article on the role of privodyateya materiyyaly and future challenges in chemical prepodovetelya sobvremenom society.

XXI ғасыр есігін ашқан қазіргі таңда мектепте, ұстаздарға үлкен талаптар қойылуда. Ұстаз ұғымы – мағынасы кең, мәні терең, тарихи ұғым. Адамзат баласының дамуында білімнің қажеттілігі сол білімді таратушы, жеткізуші ұстаздың қажеттілігімен бірдей маңызға ие болған. Ұстаздың білімділік, абырой-беделінің айнасы-шәкірт.

Ұстаздың өз мамандығына деген үлкен сүйіспеншілігі, терең білімі, айқын қойылған мақсат жолындағы ізденіске толы еңбегі – бала жүрегіне жол табар – қыл көпір.

Ұстаздың қоғам өмірінде алатын орны мен олар атқарып отырған міндеттердің айрықша маңыздылығын елбасымыз Н.Назарбаев: «Мұғалімдер – қоғамның ең білімді, ең отаншыл, білгілеріңіз келсе, ең санампаз бөлігі болып табылады» - деп атап көрсетті. «2030 жобасын» басшылыққа алған біздің республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, жаңа базистік оқу жоспарына көшу, білім мазмұнын жетілдіру, жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерге көшу, яғни әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алады [1].

Елбасының Қазақстан халқына «Қазақстан 2030» жолдауында: «Біздің жас мемлекетіміз өсіп жетіліп кемелденді, балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады» - деген сенімі жай айтылған жоқ. Бүгінгі күн талабына орай білім беру мазмұны қайта қаралып, жаңару үстінде. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елге қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Осыдан барып қазіргі кезде жас ұрпаққа ғылыми негізде білім беру қабілеттерін ашу міндеті туындады. Яғни, білім мазмұнын жаңарту – қазіргі заман талабы.

Ұстаздық киелі әрі өте көне мамандық. Адамзатты ежелден ойландырып, толғандырып келе жатқан, қоғамдық құрылыс өзгеріп жатса да, қажеттігін жоймайтын

маңызды мәселе-жас ұрпақты өмір сүруге дайындау. Бұл қиынның-қиыны. Себебі әр адам-қайталанбас жеке тұлға. Әр адамның жан дүниесі өзінше бір әлем. Уақыт озған сайын қоғамдағы саяси-әлеуметтік қарым-қатынас дамыған сайын бүкіл дүние жүзінде ұстаздың қызметі қиындай түсуде.

Тәуелсіздік алған осы жылдар ішінде егемен еліміздің, қоғамымыздың әлеуметтік-саяси және басқа да салаларында түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Соның бірі-білім беру саласы. Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең жауапты, маңызды іс болып қала береді. Сондықтан мемлекетіміздің даму, жаңару жолындағы жаңалықтар мен түрлі өзгерістер еліміздің білім беру саласына да өз әсерін тигізуде.

Бүкіл әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылыстар, қоғам дамуындағы қалыптасып отырған жаңа жағдайлар, тыңнан туындаған мәселелер, өзгеріп жатқан өмірге бейімделу қажеттігі туындап отыр. Осыған мемлекетімізде білім беру мен жас ұрпақты тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінуде. Соның бір дәлелі – “Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы” жариялануы болса, Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңару жолында” атты Қазақстан халқына Жолдауында да білім беруге үлкен мән беріліп отыр.

Ел болашағы- білімді ұрпақта. Сондықтан білім беру саласында жасалып жатқан жаңа реформаларды жүзеге асыру- ұстаздар қауымына ортақ іс. 2009 жылдан бастап әлемдік тәжірибеге сүйеніп 12 жылдық оқытуды бастайын деп отырмыз. Осының бәрі ұстаздар алдына жаңа міндеттер мен еңбегімен оқыту әдістерін жаңа арнаға бұруына, педагогикалық еңбегін қайта құруына тура келеді.

Иә, бүгінгі күн мұғалімнің көп ізденіп, тынымсыз еңбектенуін, сабақ берудің амал – тәсілдерін жетілдіріп отыруды қажет етеді. Өйткені, білім мазмұны, оқыту үрдісі өзгерісті талап етуде. Ал ұстаздар алдында шешімін таппай жатқан проблемаларда баршылық. Пәндерге байланысты көрнекі құралдарды жаңарту, көбейту, толықтыру, дидактикалық материалдардың, әдістемелік көмекші құралдардың аздығы оқулықтар мазмұны мен сапасы алаңдатады. Сонымен қатар білім сапасын арттыруда жаңа технологиямен тұрақты жүйелі, нәтижелі жұмыс істеу үшін мұғалім сабағына жан – жақты дайындалуы керек. Ол үшін мұғалімге еркіндік, шығармашылық ізденіс, көп еңбекке қажет, ал ол үшін жағдай керек.

Болашақ қоғам мүшелерін білімді, парасатты етіп қалыптастыруда химия пәнінен білім берудің алатын орны ұшан-теңіз. Себебі, химия ғылымы адам баласын күнделікті өмірде қоршап қана қоймай, күнбе-күн олардың керегіне, мұқтажына, қажетіне, өмір тіршілігіне жарайтын заттар мен құбылыстар туралы білім беруге бағытталған. Сондықтан да орта мектеп химиясынан берілетін білім мазмұны мен оның көлемі замана талабына қарай өзгеріп отырады. демек осы орайда химия пәні мұғалымының рөлі өте маңызды [2].

Химия пәнінен орта білім берудің негізгі міндеттерінің бірі – оқушының пәнге қызығушылығын арттырып өмірде химияның маңыздылығын түсіндіру.

Мектептік химиялық білімнің негізін бейорганикалық және органикалық заттар, олардың құрамы, құрылысы мен қасиеттері, химиялық реакциялар, олардың мәні мен өту заңдылықтары, заттарды қолдану мен химиялық айналулар, экологиялық проблемалар мен оларды шешу жолдары туралы білімдер жүйесін құрайды.

«Химия» пәні стандарт талаптарында көрсеткеніндей жалпы, бейорганикалық және органикалық химия білім аймағында іргелі білім бере отырып, оқушылардың танымдық және шығармашылық бе әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыру

міндеттерін орындайды.

Қазіргі кезеңде оқушыларды химиялық әзірлеудің жоғарғы деңгейіне қол жеткізу үшін химиялық білім беруді дамытуда айқындалған жалпы әлемдік тенденциялардың бірі - бұл химиялық білім берудің мазмұнын байыту, басқа жаратылыстану ғылымдарымен кіріктіру болып табылады. Химиялық білім мазмұны оқушылардың қызығушылығы мен қабілетін арттырады.

Оқушы химияны оқу арқылы химияның процестердің заңдылықтарының негізгі қағидалары жайлы, бейорганикалық қосылыстардың негізгі класстары жайлы, бейорганикалық реакциялардың заңдылықтары мен механизмі жайлы түсініктер алып өз білімін тереңдетеді.

Мұғалім әр уақытта заман ағымына ілесе отырып, күн сайын өз білімін жетілдіріп, кәсіптік шеберлігін арттырып отыруы керек. Яғни ұстаз өз жұмысында мына принциптерді басшылыққа алуы тиіс:

1. Қоғамға бағытталуы. Біліктілікті арттыру педагогтардың бойында азаматтық, әлеуметтік және тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталады.

2. Ғылымилық және инновациялық. Жаңа ғылыми нәтижелерді қолдануға үнемі ұмтылу, жаңа технологиялар, ғылыми білім мен ақпаратты қолдануға дайындық.

3. Үздіксіздік. Педагогтардың өмір бойы үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету.

4. Көптүрлілік (Диверсификационность). Білім сапасын арттыруға және біліктілікті арттыру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған қызметтің жаңа түрлерін меңгеру, қызметтердің түрлерін, санын көбейту.

5. Ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдануды ендіру.

Салауатты, білімді ұрпақ дайындау барысында ұстаз әр уақытта білікті мамандармен тәжірибе алмасып, жаңа технологияларды химия пәнінде қолданып отыруы қажет, мұнда интерактивті тақтаны пайдалану, компьютермен жұмыс істеу, және де зертханалық тәжірибе барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында, пайдаланылатын тәжірибе аспаптары мен реактивтер толық болуы шарт. Сондай-ақ мұғалім химия пәнін жүргізу барысында дәстүрлі оқыту мен қатар жаңа технологиялық оқытуды бірге алып жүруі шарт. Еліміздегі кейбір мектептерде әлі күнге дейін әсіресе жасы келген ұстаздар сабақ барысында жаңа технологияны қолданбай, бірінғай дәстүрлі жүйемен сабақ өтеді. Дәстүрлі оқыту жүйесі бізге әрине керек, бірақ жаңа технологияны пайдаланып оқытқан мектеп пен дәстүрлі оқыту мен оқытылатын мектептің арасында жер мен көктей айырмашылық бар, жаңа технологиямен оқытылған бала жан-жақты ізденімпаз, тез аңғарғыш келеді. Қазір дүние жүзіндегі білім сапасы жағынан алдыңғы қатарда тұратын Жапония, Қытай сияқты мемлекеттердің барлығы дерлік оқытудың жаңа технологияларын пайдалануда [3].

Мемлекетіміздің білім дәрежесін көтеру үшін ұстаздар қауымы үнемі ізденіс үстінде болуы керек. Елімізде соңғы жылдары көптеген гимназия, химияны тереңдетіп оқытылатын мектептер, Назарбаев зияткерлік мектептері сияқты білім ошақтары ашылуда, бұл әрине қуантарлық жағдай. Біздің жаңа дамып келе жатқан жас мемлекетімізге білімді, білікті, өз мамандығының қас шебері заман талабына сай химик мамандар ауадай қажет.

Химия пәніне деген оқушының қызығушылығын арттыру үшін мұғалім әр уақытта қазіргі қоғамда химиясыз өмірді елестетудың мүмкін емес екендігін оқушы санасына сіңіріп, барлық оқушыға тең көзқараста болып, барлығының білім дәрежесін жоғары деңгейге көтеру керек. Яғни біз мектептен бастап болашақтың ірге тасын қалауымыз шарт.

Қазіргі уақытта көбінесе оқушыларымыз 9-сыныптан кейін колледждерге кетіп жатады. Бұл үлкен ағаттық мектепте мектеп бағдарламасын толық игермей жатып 9-сыныптан кейін барған бала жоғары оқу орынында дұрыс оқи алмайды, өйткені ол оқушыда мектеп бағдарламасын толық меңгерген негіз қалыптаспаған. Осындай студенттен болашақ білікті маман шығады деп айту қиын. Сондықтан бала мектеп бағдарламасын толық тиянақты меңгерген соң барып оны жоғары оқу орнына дайындауымыз керек.

Қазіргі таңда өкінішке орай химия пәнін болашақ мамандық ретінде талдайтын оқушыларымыз азайып барады, ол неге?

Біріншіден, оқушыда әуел баста химиялық негіз қалыптаспаған, оқушы санасында химия пәні өте күрделі пән болып қалыптасқан;

Екіншіден, мұғалімнің сыныпта тек химияны жақсы оқитын оқушымен ғана жұмыс жасауынан;

Үшіншіден, оқушы химияның өмірдегі алар орнын дұрыс түсінбегендіктен;

Төртіншіден, химия пәні мұғалімінің, өз пәнін толық меңгермеуінен, білімінің жеткіліксіздігінен, өз пәніне деген немқұрайлылықтан баланы пәнге қызықтыра алмауынан;

Осындай олқылықтарымызды ескере отырып жұмыс жасайтын болсақ еңбегіміздің жеміс берері даусыз.

Негізі қазақтың түп тамыры ауылда жатыр. Бір өкінерлік жағдай қазіргі ауыл мектептерінің жай күйі мәз емес, бүгінгі таңда ауылдағы мектептердің 60 пайыздан астамының құрлыс сапасы сын көтермейді, құрлысы құлдыраған ауыл мектептерінде жаңа технология мен интерактивті тақтаны енгізу былай тұрсын, зертханаларында толық тәжірибе құралдары мен химияға қажетті реактивтерде жоқтың қасы. Осындай мектепте оқыған қазақтың қара домалақ ұлы мен қызы қалай толық қанды білім ала алмақ?!

Біз болашақ педагогтар ауыл мектебіне баса назар аударуымыз керек. Алдағы уақытта ауыл мектебінің білім сапасын жоғарлату үшін ауылға жаңа жас мамандарды тарту қажет.

Жалпы қазақтың қаласынан даласына дейін оқу сапасын жоғарлату сапалы, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу біз сияқты болашақ ұстаздардың отан алдындағы ұлы міндеті.

1. Асилова А. « Ұлағатты ұстаз» //Егемен Қазақстан. №78(27150), 1-наурыз 2012-жыл.

1. Бастемова А. «Менің педагогикалық философиям»// Pedagog.kz. 2012ж.

1. Рысбек Т. «Қазақ мектептерінің жай-жапсары»//Оян. Намыс.kz. 2011ж. №1 (7)

ӘОЖ 378:540(072)

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ БІЛІМДІ БАҚЫЛАУ ТҮРЛЕРІ

Ербакиева А.М. - Ш.Есенов атындағы КМТИУ Ақтау қ.

Сагимбаева А.Е. - х.ғ.к., аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ

Жексембиева Б. - магистрант Абай атындағы ҚазҰПУ

Қаражанова Д.Ә. - оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ

Резюме

В статье излагаются основные виды работы контроля знаний в высшей школе. А также указаны существующие недостатки и преимущество при выборе ответа контроля знаний.

Summary

In article излагается main appearances work control knowledges in higher school. Ah also specified existing the lack and advantage by choice answer control knowledges.

Жоғары мектептегі оқыту процесінің маңызды құрастырушылары санына студент білімін тексеру мен бағалау, оның күйін анықтау сияқты құрамдастар енеді. Бақылау мазмұнына енетін құрамдастар – оқу процессін ұйымдастыратын және басқаратын негізгі құралдардың бірі.

Қазіргі ғылыми педагогикалық әдебиеттегі бақылау, білімнің игеру процессін ұйымдастыру мен басқару кезіндегі ішкі кері байланыс ретінде болып келеді және оны түрі, мазмұны және нысаны бойынша ажыратады. Бақылау орындалатын әрекеттің соңғы өнімі іспеттес болғандықтан, тек дұрыс па әлде дұрыс емес пе дегендей ғана мәліметті алып жүреді, мұндайда оны соңғы өнім бойынша бақылайтын әрекет ретінде анықтайды. Мұнымен қатар, күллі бақылау процессін бірнеше кіші әрекеттерге жіктеп, осы кіші бөліктерді жеке дара бақылайды да, оларды жинақтайды. Бұл әрбір кіші әрекетті және соңғы нәтижені бақылауға мүмкіндік береді. Ендеше бақылау дегеніміз оқытудың барлық кезеңінде оның өзімен бірге жүретін, біртұтас бөлігі. Оқу процессіндегі атқаратын қызметіне байланысты болатын бақылау, әдетте, негізгі үш түрді бөледі: алдын ала, ағымды және қорытушы. Мұнан әрі, оқыту кезіндегі бақылаудың түрін, типін және қызметін қарастырамыз және оның қызметін ақыл-ой іс-әрекетін жоспарлы қалыптастыру теориясы тұрғысынан бөлеміз.

Педагогикалық әдебиетте бақылау қызметінің қазіргі қалыптасқан түріне әртүрлі көзқараспен қарайды. Мысалы, [1] еңбекте тексерудің екі түрін бөлуге болады деп есептейді: білімді ағымдық және қорытындық бақылау, және де оқыту ісінде ағымдық бақылау көбірек таралған. Ағымдық тексерудің мақсаты – оқулық пәндегі белгілі бір тарауды оқудың біткендігіне сену, көз жеткізу, ал қорытындық тексерудің мақсаты – оқушылар оқытудың келесі басқышын игере алатындығын, анықтау. О.С.Зайцев [2] бойынша бақылауды келесідей бөледі: апта, ай сайын бақылау және емтихан. Ал мына бір [3] шолуда, бақылаудың түрлі типі ретінде ағымдық, аралық және қорытындылауды бөледі, және олар бақылау жұмыстары, коллоквиум (әңгімелесу), есептеу (зачет) және емтихан түрінде іске асады.

В.С.Аванесов [4] педагогикалық бақылаудың қызметін бөле келіп, жоғары мектеп жүйесінде қолданыла алатындай, негізгі төрт қызметін нұсқайды: диагностикалық, оқытушы, ұйымдастырушы және тәрбиелеуші (соңғы жағдайда әңгіме әрбір студенттің жеке басына пәндік сипаттама және оның оқу үрдісіне деген қатынасы жайлы болып отыр). Осы жұмыста ағымдық, тақырыптық және қорытынды бақылау типінен басқа, тағы да “соңғы” (қорытынды) түрі бөлінеді.

Қарастырылған әдебиеттерді талдау әртүрлі түрге жататын бақылаудың негізгі мазмұны мен қызметін бөлуге мүмкіндік береді. Талдау қорытындысы 1 кестеге жинақталған.

1 - кесте Жоғары мектеп ісінде қолданылатын бақылаудың негізгі түрі мен қызметі

Білімді бақылау

түрі	мазмұны	қызметі
Алдын ала, (енгізуші) бақылау	Оқушылардың әуелгі деңгейі жайлы мәлімет алуға арналған; өткен бағамның немесе тақырыптың материалын игеруді тексеру үшін қолданылады, оқушылардың алдағы бағдарламаны орындауға қабілетін анықтау, сол сияқты реттеуші жоспарды жасау	Оқу пәні шеңберіндегі танымдық іс-әрекеттің бастапқы деңгейін анықтау
Ағымдық бақылау	Бағамдағы тақырыпты, тарауды оқыту кезіндегі жекеленген сауалдардың меңгерілу дәрежесін тексеруге арналған; оқытуды реттеуге негіз болатын деректі алуға мүмкіндік береді; өткен материалдың игерілу деңгейін айғақтауға мүмкіндік береді	Кері байланыс қызметі мен есепке алу қызметін атқарады
Оралымдық-қайтымдық (аралық немесе тақырыптық) бақылау	Оқыту бағамы мен олардың өзара байланысын (тақырып, тарау), олардың сапасы мен игерілу деңгейін тексеруге арналған; оқылатын материалды игеру деңгейін айғақтау; игерудің жекеленген қиындықтарын, ерекшеліктерін анықтау	Оқытылатын, пәндік білімнің игерілуіндегі кемшіліктерді айқындау қызметін атқарады
Өзіндік бақылау	Оқушылардың оқыған кездегі материалды дұрыс игерілгендігін өздері бақылауға арналған; кейбір жағдайларды орындалған әрекеті үлгімен салыстыру	Кері байланыс қызметін атқарады; білімді бекітеді
Қорытындық	Белгілі жалпы қорыту	Диагностық қызмет

бақылау	деңгейінде игерілген материалды тексеруге арналған, оқыту мақсатынан туындайтын танымдық іс-әрекеттің қалыптасқандығын тексереді	атқарады есептеу қызметі (сандық және сапалық көрсеткіші бойынша)
---------	--	---

Жоғарыда келтірілген бақылау қызметін басқа, Е.М.Соколовская шолуында “оқулық бақылаудың барлық құрамдастары студенттердің даму қызметін де атқарады” деп көрсетілген [5, 39б.]. Осы жұмыста, әдеттегі дәстүр бойынша оқытушы ұсынатын бақылауға қойылатын талаптар: бақылауға уақыт аз, тиімді жиілік, нәтижені алу жылдамдығы, білімді бағалаудың барынша әділдігі, оқыту бөліктерінің бақылауда болуы.

Жоғары мектеп жүйесіндегі оқыту ісінде оқыту мақсатына жету және ұсынылған талапты жүзеге асыру үшін бақылаудың түрлі түрі пайдаланылады – ауызша немесе жазбаша түрде. Жоғары мектептегі бақылаудың негізгі түрлері 2 кестеде келтірілген.

2 - кесте Жоғары мектептегі негізгі бақылау түрі

Бақылау түрі	Бақылау тәсілі	Бақылау түрі
Бақылаулық сауал салу	ауызша	Ағымды
Бақылау жұмысы	Жазбаша	Алдын ала, ағымды, аралымды, өзіндік бақылау
Коллоквиум	Ауызша жазбаша	Оралымды-қайталымды
Есептеу	Ауызша жазбаша	Оралымды-қорытындылық
Емтихан	Ауызша жазбаша	қорытындылық

Бақылаулық сауал салу әдетте ауызша түрде, аз бақылау жұмысы жазбаша түрде жүргізіледі. Жоғары мектептегі бақылаудың қалған түрлері не ауызша және жазбаша тәсілде, бір мезетте (коллоквиум, есептеу, емтихан), не тек ауызша немесе жазбаша тәсілмен жүргізіледі.

Соңғы жылдары еліміздегі жоғары мектеп жүйесінде тест арқылы бақылау жүйесі қалыптаса бастады. Бақылаудың бұл түрі бағдарламалы оқытудың пайда болуымен тікелей байланыста және бақылау тиімділігін жоғарылататын әртүрлі техникалық құралдардың пайда болуымен тығыз байланыста.

Химия бойынша оқушылардың білім сапасын жоғарылататын себепкер ретінде, тестіні пайдалануға арналған зерттеулерде, тестілерді жіктеудің әртүрлі амалдарын келтіреді. Айталық, олар әрекет тәсіліне орай бөлінеді: ауызшаға (оқушылар сауалы бар магниттік жазуды тыңдап, жауабын ауызша береді), жазбашаға (мысалы заттардың аты жазылған сауалға, сол заттың химиялық формуласын жазады), аспаптағы (айталық, оттекті алуға арналған қондырғыны жинау, құрастыру керек), зертханалыққа (тәжірибені жүргізу алдын ала қарастырылады).

Тапсырмаға жауапты енгізу түріне тәуелділікте тестінің келесісі бөлінеді: а) өзіндік жауапты талап етушіге және ә) жауапты таңдауды талап етушіге немесе а) толықтыруға, ә) жауапты еркін құрылымдауға, б) иә-жоқ (дұрыс-бұрыс) сияқты, в)

көп жауаптың дұрысын таңдау.

Оқушылардан өздігінен жауап жасауды талап ететін, өзгеше тапсырманы (құрылымдық түрдегі жауабы болатын тапсырманы) және жауапты таңдап алатын тапсырманы (оқушы, жауаптар арасынан дұрысын тыңдайтынды) бөледі.

Жоғарыда мазмұндалғандарды қорыта келіп, бақылаудың барлық түрі мен тәсілдерін, белгілі бір дәрежеде жалпы химия бағамын оқытқанда қолдануға толық болады деуге болса, жалпы химиядағы барлық тарауды әрі жеке, әрі нақты, әрі жетілдіре қарастыратын физколлоидтық химия үшін де мүмкін демекпіз. Екеуінің арасындағы айырмашылық, әрбір институттағы оқулық бағдарлама мен оқу жоспарының және оларға бөлінетін көлем мен уақыт өзгешелігінде ғана болады. Жалпы химия бағамын оқытқандағы бақылау түрлері алдын ала, ағымдық, оралымды (аралық) және қорытындылау болады. Соңғы кездегі тестіге қатынасты әдебиетте рейтингті бақылау ұғымы бірге қарастырылып жүр. Мұндай амал іс жүзінде жоғарыда келтірілген бақылау түрлерінің бәрі бір жүйеге біріктіреді, ол алынған курсты оқыту мерзімінде химиялық білім деңгейі мен маңыздылығы бойынша студенттерді теңестіру, реттеу, отыру сияқты қызметті және қорытындылау нәтижені жинақтауды атқарады. Бақылау нәтижесін талдағандағы сандық сипаттың маңыздылығын ескере отырып, әрбір тапсырма сауалына берілетін баламалы жауап санына да (әдетте олар екіден кем емес, 4, 6, тіпті 8 дейін) назар аударады. Баламалы жауапты теріп алу, біріншіден, бақылау сауалын тиімді ойлауға жетекші ретінде, екіншіден, бақылау екпінін реттеуші орнында, және үшіншіден, ол білімді бақылаудың сенімді көрсеткіші іспеттес.

Бақылау бағдарламасының бірнеше түрін құрастырған кезде және білімнің бақылау қимасына қолданарлықтай жауаптарды таңдау әдістерінің кемшіліктері мен артықшылығын анықтауға болатын деректер [6] шолуда берілген (1.6 кесте).

1.6 - кесте

Білім бақылауындағы жауапты таңдау әдісінің жетістігі мен кемшілігі

Жетістігі	Кемшілігі
Оқу материалының үлкен көлемі тез тексеріледі	Бақылау иесіз қалады
Үлкен топтарға пайдалануға ыңғайлы	Студенттердің сауалға үйренуі қиындалған
Бағалау сенімділігі айтарлықтай жоғары	Студенттің жауапқа жетудегі амалы, жауабының қисыны бағаланбайды
Сауалдың мазмұны, олардың тереңдігі мен кеңдігі бірден айқын	Пән туралы жадты тексереді, ал ақыл-ой іс-әрекетін жасау қабілетін тексермейді
Статистикалық өңдеуге ыңғайлы	Пәнді танытындықты тексереді
Топтарды, бағамды, бағдарламаны салыстыру үшін пайдалы бола алады	

Ақыл-ой іс-әрекетінің кезең-кезеңмен қалыптасу теориясына сәйкес кері байланыс тапсырманы орындағанда қорытындылау жауаптың дұрыстығы туралы ақпаратты тек жеткізіп қана қоймастан, осындағы үрдіс жүрісін бақылауға мүмкіндік беруі де керек. Нақтылы іс жүзіндегі кері байланыс, оқушылардың бағдарламада көрсетілген іс-әрекетті орындайтындығын бақылау. Мінеки сондықтан оқыту бағдарламасы көмегімен кезең-кезеңмен игеруге сәйкес бақылап отыруды қамтамасыз етуі керек.

Кері байланыстың беретін ақпараттары:

- а) бағдарламада көрсетілген (ұйғарылған) іс-әрекетті оқушылардың орындауы;
- ә) көрсетілген, ұйғарылған іс-әрекеттің қаншалықты дұрыс орындалуы;

б) орындалған әрекет түрі игеру кезеңіне сәйкес пе;

в) бөлінген өлшем негізіндегі әрекеттің қалыптасуы қандай дәрежеде (жалпы біріккені, жұмырлығы, игерілгендігі және т.б.); сондай-ақ студенттердің теориялық білімін бағалау өлшемі жекешілдік пен жүйелілік бола алады).

Оқыту үрдісіне енгізетін бағыт, игерілу үрдісіндегі ішкі қисын мен кері байланыс көмегімен алынатын кейбір мәлімет сипатымен анықталынады. Оқушылардың әрекеті түрлене өзгереді, айталық, сыртқы, материалды, ашылған және автоматтанбаған түрден олар ішкі әрекетке, ақыл-ойға, жұмырлана жинақталғанға, автоматтанғанға түрлене өзгереді. Егер кері байланыс оқушыларда тапсырманы орындаған кезде туындайтын қиыншылық туралы оқытушыға ақпарат беріп, хабардар етсе, онда бағдарлама беретін әрекеттен ауытқу сипатына орай, ол бір немесе бірнеше өлшемдер бойынша бұрынғы кезеңге оралуы керек.

Бақылау сипатына орай білімнің игерілу тиімділігін айқындауға арналған зерттеуде [124], білімнің тиімді қалыптасу үрдісінің көрсеткіші ретінде (материалдық, айқара ашылған, жалпы бірікпеген және игерілмеген әрекеттен ақыл-ой, қысқарған, жалпы біріккен және игерілген әрекетке дейін) келесі көрсеткіштер таңдап алынды: әрекеттің негізгі сипаттамасы мен анықталынатын, білімнің игерілу сапасы, игерілуге жататын, пәннің өзіне және оқушылардың игеру үрдісіне деген қатынасы мен үрдістің өзінің жүріп өту сапасы.

Жүргізілген талдау нәтижесі көрсеткендей жана білімді игерген кезде кезең-кезеңмен бақылау тиімді, онымен салыстырғанда қорытынды бақылаудың нәтижесі төмендеу екендігі байқалды; әрекеттің қалыптасу кезеңін және оқушылардың өздерінің бақылауға сұранысын ескермейтін, ауық-ауық бақылау, игеру үрдісінің сапасын төмендетіп, оқушылардың оқуға деген теріс қатынасын тудырады. Сол сияқты, тағы да атап өтуге тұрарлық нәрсе, ол игеру тиімділігіне өзі ықпал ететін бақылау жиілігі, көбінесе бақылау түрін пайдаланудан да айтарлықтай тәуелділікте болады екен: соңғы өнім бойынша бақылаумен салыстырғанда кезең-кезеңмен бақылау жиілігінің ықпалы артады.

1. Зайцев О.С. Пути формирования творческого химического эксперимента исследовательского характера в средних профессионально-технических училищах: Дис. канд. пед. наук. – Казань, 1983. – 150 с.
1. Зайцев О.С. Системно-структурный подход к обучению общей химии. – М.: МГУ, 1983. – 170 с.
1. Каратаева Т.П., Тикавий В.Ф. Содержание и организация самостоятельной работы студентов на химическом факультете Белгоуниверситета // Сб. науч. – метод. статей по химии. – М.: МПИ, 1990. – Вып. 13. – С. 9-16.
1. Аванесов В.С. Основы научной организации педагогического контроля в высшей школе. – М.: МИСИС, 1989. – 167 с.
1. Соколовская Е.М. Система контроля знаний студентов // Совершенствование учебного процесса в университете с учетом отечественного и зарубежного опыта. – М.: МГУ, 1975. – С. 39-55.
1. Нуртаева Г.К. Теоретико-методические основы технологии обучения в системе вузовского химического образования (на примере аграрных унив. РК): Дис. докт. пед. наук. / АГУ им. Абая, Алматы. – 1998. – 315 с.

УДК 504.06:378 (574)

ВОПРОСЫ ПРОСВЕЩЕНИЯ И ОБРАЗОВАНИЯ ПО ЭКОЛОГИИ

М.Е. Бельгибаев - *Семипалатинский государственный педагогический институт г. Семей*

Түйін

Мақалада экология және экологиялық мәдениет, ағарту мен білім туралы сұрақтар қарастырылған. Барлық жас кезеңдеріне байланысты, әлеуметтік және кәсіби топтарды экология және экологиялық мәдениет ағарту мәселелері қарастырылған.

Summary

The article includes issues of enlightenment and education for ecology and ecological culture. It is considered the principle coverage of ecological education of all age-related, social and professional groups of population.

Современная цивилизация давно и полностью перешла на единые технологии

все более изощренного разрушения экосистем и естественных сообществ организмов, деформации и направленных изменений окружающей среды. Научно-технический прогресс, скорость которого на несколько порядков превышает скорость создания новых «технологий» биосферы (новых видов биологических организмов), порождает все более мощные источники возмущения, а направляемая по преимуществу силами рынка экономика воплощает создаваемые человеком природоразрушающие технологии в хозяйственной практике [1]. Жесткое столкновение человека с биосферой происходит по всем направлениям и выражается в кризисе цивилизации — экологического, социального, демографического и еще скрытого, но уже обретающего черты глобального экономического кризиса.

Приведенные обстоятельства и данные накладывают определенные обязательства на всех членов человеческого общества — иметь представление и знание основ экологической культуры. Эта проблема на высоком научно-историческом уровне освещена в статье академика Н.А. Агаджаняна [2]: «Мы очень много говорим об экологическом кризисе, о деградации природы, но если глубоко вдуматься, то изначально деградирует не природа, не биосфера, а духовные ценности — человек, который стоит на вершине пирамиды. **Только духовное возрождение общечеловеческих интересов и ценностей, а также нравственное очищение могут привести к гармонизации человека с окружающей средой**» (подчеркнуто М.Б.)

Нарушение функций, состава или структуры каждого из компонентов биосферы (даже одного из них) неизбежно ведет к нарушению экологических условий существования самого человека, отзывается на его здоровье и жизнедеятельности. Уничтожение лесов и травянистой растительности, истребление животного мира, истощение почвенного покрова, отравление природных вод и атмосферного воздуха токсическими химикатами, индустриальными и бытовыми отходами (почти во всех населенных пунктах), разрушают биосферу как здоровую среду обитания человека. Эти разрушения в большинстве случаев являются необратимыми. Растут заболевания людей, снижается рождаемость и здоровье детей, появляются наследственные уродства, увеличивается смертность, снижается трудоспособность и продолжительность жизни. Возникает опасность психического и физического вырождения людей отдельных регионов, пораженных процессами разрушения биосферы [3].

Неотъемлемым атрибутом современного мирового развития является экологический императив — обязательность и неотложность действий по спасению окружающей среды, так как перед человечеством стоит главная проблема выживания в условиях прогрессирующего экологического кризиса.

Императив экологический [от лат. imperativus -повелительный] — требования и правила охраны окружающей среды (зависящие от свойств цивилизации), вытекающие из необходимости наступления вредных последствий для человека и окружающей среды, невозможности или трудной восполнимости природных ресурсов в результате деятельности человека. Императив экологический обозначает ту границу допустимой активности человека, которую он не имеет права переступить ни при каких обстоятельствах [4].

Экологическая культура является частью общей человеческой культуры, которая развивалась вместе со становлением человеческого общества. **Культура** (от лат. cultura — возделывание, воспитание, образование, развитие, почитание), исторически определенный уровень развития общества и человека, выраженный в

типах и формах организации жизни и деятельности людей, а также в создаваемых ими материальных и духовных ценностях. Понятие «культура» употребляется для характеристики материального и духовного уровня развития определенных исторических эпох, общественно-экономических формаций, конкретных обществ, народностей и наций, а также специфических сфер деятельности или жизни [5].

Экологическая культура не воспринимается и не возникает в чистом виде. Она тесно связана с общей человеческой культурой, историческим и социально-экономическим развитием этносов, государства. Естественно, существование связи природного (ландшафтного) окружения с общей культурой, в том числе начальной экологической культурой народов и этносов. Сравните культуру жителей лесов (тайги), степей и морского побережья. Природная зона всегда накладывает определенный отпечаток на образ жизни, быт и культуру народов, перечисленных выше местообитаний.

Экологическая культура трактуется по-разному, пока еще нет единого общепринятого определения. Приведем некоторые из них. **Экологическая культура** — исторически определенный уровень развития общества, творческих сил и способностей человека, выраженный в формах и типах организации жизни и в создаваемых человеком материальных и культурных ценностях, при котором имеет место глубокое и всеобщее осознание экологических проблем в жизни и развитии человечества[6].

Экология культуры, в соответствии с Д.С. Лихачевым, часть экологии, посвященная охране культуры, включая охрану культурных (исторических) ландшафтов, национальных пейзажей. Наш дом, в котором живет человечество, состоит не только из природного комплекса (куда входит человек как часть природы), но и из комплекса культуры (условно культуры человека, хотя есть и культура, создаваемая животным и растительным миром). Объединение под одним названием «экология» двух ее частей — экологии природы (с человеком) и экологии культуры (тоже с человеком) тем более разумно, так как очень часто природа и культура страдают от общих причин (кислые осадки в равной степени разрушают в Летнем саду Санкт-Петербурга и мраморные статуи, и окружающие их деревья). Экология культуры обнажает проблемы этики экологической. В формировании культуры потребительства, лишенной экологических ценностей, — «основа разрушительного отношения человека к природе» [7]. **Этика экологическая** [лат. ethica от греч. ethos — нрав, характер] — учение о должном в отношениях человека, его хозяйственной деятельности и природы, основанное на внутренних самоочевидных нравственных принципах.

арик Хусейн, продолжая эту тему (этику), отмечает, что требуется новая этика, новая позиция по отношению к исполнению наших обязательств во имя заботы о самих себе и о нашей Земле. Эта этика должна быть мотивацией для сильного экологического движения, убеждающего иногда сопротивляющихся лидеров правительства и чиновников, для проведения необходимых изменений... Вызов для всех нас состоит не в обучении только техническому превосходству, обращении и предоставлении консультаций по относящимся проблемам, но и в обучении ценностям, которые должны позволить и содействовать появлению **новой глобальной этики** [8]. Приведем наиболее краткое и емкое определение термина «этика». «Этика — это безгранично расширенная ответственность по отношению ко всему живущему» (А. Швейцер).

К экологической культуре имеет отношение также термин «психологическое

загрязнение ландшафта» — снижение эстетики урбанизированных территорий вследствие их безликой структуры или не соответствующей данному ландшафту застройки, преобладания железобетонных конструкций, увеличения в ландшафте доли бросовых земель. Данная проблема оформилась в новое научное направление — **видеоэкологию**, развивающую аспекты визуального восприятия окружающей среды, в том числе и урбанизированной техногенной среды.

Экологическая культура складывается из многих элементов, понятий и представлений. Одним из них является экологическое осознание, развивающееся на востоке, в Китае [9]. **Экологическое осознание** является по существу пониманием ценностей. Экологическое осознание представляет собой новое понимание ценностей природы и ценностей деятельности человека, связанной с природой. Экологическое осознание можно представить как философское восприятие традиционных восточных ценностей, и восприятие ценностей как промышленно развитого мира, так и ценностей развивающегося мира. Современное экологическое осознание было предложено на западе. Тем не менее это не означает различий в экологической мудрости между Западом и Востоком. Экологическое осознание (стало идеологическим течением в промышленно развитом мире), которое имеет большое влияние на международные, экономические, социальные, культурные, этно-исторические и политические проблемы. (Естественно, не остается в стороне и взаимосвязь с моральными, нравственными и психологическими проблемами). Экологическое осознание действует в качестве прогрессивного понимания ценностей, которое каждое общество должно воспринять на протяжении своей модернизации (и эволюции). Для каждого современного общества и государства экологическое осознание является одним из масштабов измерения его ментальной цивилизации, а также неизбежной потребностью его физической и материальной цивилизации. Современное общество должно уделять особое внимание развитию своего собственного экологического осознания для того, чтобы поддерживать свое устойчивое развитие. Экологическое, экономическое и политическое развитие экологического осознания, таким образом, непосредственно влияет на экологическую культуру [9].

Главный вопрос теперь заключается в том, хватит ли человечеству времени осознать в полной мере новую экологическую парадигму во всей ее сложности и реализовать экологический императив. Образованию отводится авангардная роль в формировании современного миропонимания, и экологическое образование, наряду с экономическим, информационным, гуманитарным, должно быть фундаментальной основой всей системы образования. Экологическая культура, именно в силу своего радикального отличия от традиционной, не может сформироваться сама собой стихийно и постепенно, передаваясь от поколения к поколению, как это было раньше. Преемственность в данном случае не может дать нужного результата, а временем на постепенное преодоление экофобных ориентаций человечество не располагает, поскольку темпы разрушения природы давно превзошли предельные значения (ПДК), свойственные биосфере, и это чревато опасностью экологической катастрофы. Формирование у людей экологической культуры следует рассматривать как важнейший способ преодоления данной опасности, и для выполнения этой задачи не существует более эффективного средства, чем **хорошо поставленные экологическое воспитание, просвещение и образование**. Они, в свою очередь, также должны отличаться от традиционных видов этой деятельности и включить в себя знания о биосфере, о ведущей роли живой природы в поддержании этой

планетарной системы, о путях обеспечения совместимости человека с природной средой, т.е. все то, что почти полностью отсутствовало в прежней системе воспитания и образования, но без чего дальнейшее существование человека на Земле становится невозможным.

Человек должен в процессе воспитания и образования не только усвоить новые знания и сформировать иной способ отношения к природе, но и научиться чутко реагировать на происходящие в ней изменения, чтобы вовремя внести коррективы в свои действия и не довести экологическую ситуацию до катастрофического состояния со всеми бедственными для общества последствиями; т.е. **экологическое воспитание и образование должны носить опережающий характер**, обеспечивая тем самым своеобразную временную инверсию в развитии социоприродной системы «от сознательно намечаемого будущего – к настоящему». Прежний, временной параметр социального развития «от настоящего — к будущему» стал теперь опасен в силу своей стихийности и недостаточен, поскольку не охватывает природную реальность как среду своего существования и управляемого развития. Система воспитания и образования должна соответствовать задачам нового объема управления социоприродной реальностью и новой временной парадигме этого процесса. Такого соответствия пока нет, но его нужно обеспечить в срочном порядке по следующим основным направлениям. Прежде всего необходимо преодолеть тот непосредственный, наивный антропоцентризм, который был характерен для всей прежней культуры и сыграл немалую роль в возникновении экологического кризиса, поскольку человек со всеми его потребностями, вплоть до самых экстравагантных и завышенных, рассматривался как самоцель развития, а вся природа, согласно такой точке зрения, должна была служить источником ресурсов и не более [10].

О том, что природе тоже может быть присуща самоценность и ей свойственна своя логика развития, в которую человек должен включить свою активность достаточно согласованным образом, не принято было задумываться и тем самым «создавать себе проблемы». Установка в отношении человека к природе была предельно простой: она должна служить человеку как *средство* его благополучия и процветания.

Пришло время принципиальной смены прежней *потребительской* парадигмы природопользования на новую — *конструктивную, экологическую*. Человек может преодолеть конечный характер возобновимых ресурсов планеты, если он преобразует свою деятельность так, чтобы *поддерживать условия их возобновимости*. Для этого нужно очень хорошо изучить, что представляет собой биосфера и составляющие ее биогеоценозы, какое место в этих природных системах занимают различные организмы и какую функцию они выполняют в поддержании их целостности и пригодности для жизни [3].

Здесь же появляется вопрос, которым люди раньше никогда не интересовались, но который обязательно возникает, как только общество рассматривается с экологических позиций: какое место в совокупности природных явлений должно занять общество и какую роль в отношении этих явлений выполнять, чтобы они сохранялись в пригодном для жизни состоянии. С позиций антропоцентризма правильный ответ на этот вопрос просто невозможен. Условием ответа на него должен быть переход на *парадигму витациентризма*, и с этих позиций вдруг выясняется, что человек, привыкший считать, себя разумным существом, единственный изо всех населяющих планету существ не обладает таким важнейшим для жизни свойством, как способность к экологическому самообеспечению.

Напротив, он единственный на планете вид, который является носителем свойства экологического саморазрушения. Понятно, что с таким свойством человек не может рассчитывать сохраниться на планете. Он неминуемо погибнет, предварительно изрядно разрушив окружающую его природу [10].

Экологическая культура представляет собой более широкое межпредметное понятие, характеризующее направленность человеческой деятельности на сохранение природы и природных условий, необходимых для жизни и во многом определяющая степень общей цивилизованности общества. Экологическая культура формируется у человека в процессе обучения и воспитания (в детском садике, в школе и наиболее полно в вузе). В школах Казахстана пока не введен курс обучения по экологии, хотя в России обучение предмета «экология» проводится давно. Академик М.С. Панин считает: «Что назрело время признать экологию важнейшей экологической дисциплиной, приступить к разработке государственного стандарта, определяющего содержание экологии как самостоятельного школьного предмета и ввести эту дисциплину в систему среднего образования, предварительно позаботившись о подготовке учителей – экологов в педагогических вузах и переподготовке по экологическому профилю учителей биологии, географии, химии» [11].

Воспитателям и деятелям просвещения предстоит трудная работа по первоначальному преодолению экофобных предпосылок у своих воспитуемых и обучаемых, чтобы затем уже передать навыки и знания экофильного характера. Великий физиолог И.М.Сеченов утверждал, что человек на 99% есть результат воспитания и образования, подчеркивая этим особую значимость учителя в процессе формирования личности. Теперь к этой замечательной миссии воспитания и образования добавляется еще более значимая миссия сохранения жизни на планете как самого человека, так и других живых существ. В этом заключается особая важность и значимость воспитания и образования, как условий предотвращения экологической катастрофы. Не случайно состоявшийся в Москве в 1987 г. Международный конгресс по проблемам экологического образования и подготовки кадров в области охраны окружающей среды подтвердил и уточнил ряд принципов, содержащихся во «Всемирной стратегии охраны природы», принятой Международным союзом охраны природы и природных ресурсов в 1978 г. и Всемирной хартией охраны природы (ООН, 1982 г.), сформулированных следующим образом.

1. Принцип охвата экологическим образованием всех возрастных, социальных и профессиональных групп населения.
2. Принцип первоочередного обучения лиц, имеющих право и возможность принимать решения в области практической деятельности.
3. Принцип непрерывности экологического образования на разных этапах воспитания и обучения.

Таковы основные принципы экологического воспитания и образования, обязательные для всех групп населения и всех уровней профессий. Особенно хочется подчеркнуть принцип всеобщности этого процесса и первоочередной значимости его для лиц, принимающих решения. К сожалению, этот принцип, видимо, не всегда выдерживается [10].

В основу экологической культуры входят также следующие направления экологии: теории, законы, правила, принципы и гипотезы, изложенные известным ученым-экологом Н.Ф.Реймерсом [12]. В этой же работе приведена «Структура современной экологии» - деление экологии по различным направлениям науки.

Наиболее полное и подробное деление, классификация экологии представлено в «Структурной схеме-модели современной экологии» В.И. Булатова [13].

Экологические проблемы являются не только проблемой окружающей среды. В своей основе это проблемы личности, сознания, воспитания, проблемы человека и его внутреннего мира. В этом суть гуманистического подхода к экологии. Задача экологии личности, экологии души (по Д.С.Лихачеву), экологии культуры — формирование основ экологического сознания, становления ценностного отношения к собственному дому — Земле, совпадающего с таким же отношением, выраженным и закрепленным в высоких образцах, явлениях материальной и духовной культуры.

Отсутствие, деградация или кризис культуры приводят к очень негативным процессам (последствиям). «И революция 1917 г. и революция 1991 г. (распад СССР) шли по одному сценарию. Кризис культуры, переходящий в катастрофу → политическая катастрофа → экономическая катастрофа → социальная катастрофа (достаточно напомнить, что за годы реформ новой России население страны сократилось почти на 10 млн человек). Культурная катастрофа происходит и сейчас» - отмечает известный российский ученый Г.Г. Малинецкий [14].

1. Данилов-Данильян В.И., Лосев К.С. Экологический вызов и устойчивое развитие. М.: Прогресс-Традиция, 2000. 416 с.

2. Агаджанян Н.А. Экология культуры: интеллигенция и интеллигентность // Глобальные проблемы биосферы. Вып. 1. М.: Наука, 2003. с. 146-174.

3. Ковда В.А. Государственная экологическая политика использования и охраны биосферы Земли. (Научно-дискуссионный клуб «БИОСФЕРА»). Пуццино, 1990. 34 с.

4. Снакин В.В. Экология и охрана природы. Словарь-справочник. М.: Academia, 2000. 384 с.

5. БСЭ, том 13, 1769 стр.

6. Экологический энциклопедический словарь. М.: Издательский дом «Ноосфера», 1999. 930 с.

7. Акимова Т.А., Кузьмин А.Л., Хаскин В.В. Экология. Природа - человек - техника. М.: ЮНИТИ, 2001. 343 с.

8. Тарик Хусейн. Призыв к глобальной этике // Проблемы окружающей среды и природных ресурсов. Обзорная информация. Вып. 1. ВИНТИ. М., 2001.

9. Хи Song. Экологическое осознание и современное китайское общество: анализ и понимание // Проблемы окружающей среды и природных ресурсов. Обзорная информация. М., 2001. №3. с. 84-92.

10. Экология и экономика природопользования / Под ред. Э.В. Гирусова – М.: ЮНИТИ – ДАНА, 2011. -607 с.

11. Панин М.С. Состязание казахстанских школьников по судьбоносной отрасли знания // Экологическое образование в Казахстане. 2009, №3. с.7-10.

12. Реймерс Н.Ф. Экология (теории, законы, правила, принципы и гипотезы.). М.: Журнал «Россия молодая», 1994. 367с.

13. Булатов В.И. Российская экология на рубеже XXI века. Новосибирск: ЦЕРИС, 2000. 44 с.

14. Малинецкий Г.Г. Сколько стоит культура? // География и экология в школе XXI века. 2011, №5- с.10-16.

ӘОЖ: 756.5:918 (574)

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУДЕГІ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТ -- ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

***Ж.Б. Қалдыбаева** – Абай ат. ҚазҰПУ, география-экология факультеті,
Қазақстан географиясы және экология кафедрасының аға оқытушысы*

Резюме

В статье рассматривается роль географических знаний, без которого современный и будущий гражданин Казахстана не способен ориентироваться в быстро развивающемся мире.

Внедрение новых методик, особенно интеграционных, в преподавании географии – назревшая необходимость сегодняшнего дня. Интеграция, комплексный подход необходим для решения экологических, экономических и социальных проблем общества. При анализе статьи пересекаются предметные области географии, физики, химии, математики, биологии, истории, экологии. Обращение к знаниям в этих областях помогает раскрыть не только вопросы отдельных наук, но и увидеть неразрывную связь между учебными предметами.

Summary

In the article the role of geographical knowledge is examined without that the modern and future citizen of Kazakhstan is not able to be oriented in the quickly developing world. Introduction of new methodologies specially integration, in teaching of geography is a coming to a head necessity of today. Integration, complex approach is needed for the decision of ecological, economic and social problems of social. The subject domains of geography, physics, chemistry, mathematics, biology, history, ecology intersect at the analysis of the article. An address to knowledge in these areas helps to expose notonly the questions of separate sciences but also to see in dissoluble connection between educational.

Географиялық білімдерсіз Қазақстанның қазіргі және болашақ азаматы қарқынды дамитын әлемде жылдам бағдарлануға, онда өзінің орнын анықтауға, өзінің жерінің саналы патриоты болуға, оның игілігі үшін жұмыс істеуіне мүмкіндігі жоқ. Географиялық білімдерсіз газет, радио – теледидар, ғаламтордан ақпаратты қабылдауға мүмкіндігі жоқ десе де болады. Географиялық білімдерсіз адам біздің планетамен байланысын жоғалтады, қоршаған ортаны бір жүйе екендігін түсіне алмайды және де өзі үшін апаттық шешімдер қабылдайды. Заман талаптарына сай, география ғылым ретінде әлемнің даму үрдісіне ықпал етудің жаңа түрлері мен әдістерін ойлап табуда. Географияны оқытуда жана әдістерді енгізу, әсіресе интеграциялық – бүгінгі күннің туындаған қажеттілігі.

Әртүрлі ғылымдардың әдістері мен идеяларының өзара ықпалдасуы біздің уақыттың айрықша белгісі. Қазақстанның әлемдік білім кеңістігіне кіруі, адамның барлық тіршілік салаларының интеграциялану үрдістері ең бірінші жоспарға білім беру жүйесінде интеграциялану мәселесін алға қойып отыр.

Интеграция, кешенді бағыт қоғамның экологиялық, экономикалық және әлеуметтік мәселелерін шешу үшін қажет. Біздің уақытта табиғатпен адамның өзара байланысы өте өзекті. Болып жатқан құбылысты талдауда географияның, физиканың,

химияның, математиканың, биологияның, тарихтың, экологияның, әдебиеттің пәндік салалары қиылысады. Бұл салалардың білімдеріне жүгіну жеке ғылымдардың сұрақтарын ғана емес, сондай-ақ оқу пәндері арасында үзілмейтін байланысты көрсетеді.

Интеграция білім берудің қазіргі жүйесінде өте керек. Біріншіден, білім берудегі дәстүрлі «монологиялық» жүйе өзінің практикалық тиімділігін жоғалтты десе болады. Екіншіден, қазіргі мектепте оқу пәндері «бәсекелестік» сипат алуға. Үшіншіден, мектептік пәндердің әрқайсысы өзбетімен белгілі білім облысынан мәлеметтер жиынтығын құрайды, және сондықтан да қазіргі болмыстың жүйелілік сипаттамасына иелік ете алмайды. Бұндай жағдайларда біқатар мәселелер туындайды:

- Оқушылар үздік мәлеметтерді меңгереді. Оқушыларда әлем және оның заңдылықтары туралы сипаттамалық көзқарастар туындайды. Бұндай жүйеден тыс білім ойлауды бұзып, әлемге және өзіне қарым-қатынасты жоғалтады;

- Білім алушылар жаңа оқылатын материал мен өткен тақырыпты байланыстыра алмайды және басқа пәндер бойынша білімдерін қолдана алмайды;[1]

Жалпы білім беретін мектептеге жаратылыстану бағытындағы пәндердің интеграциясы жоғары сынып оқушыларында бірегей жаратылыстану-ғылыми білімдердің қалыптасуына, ақпарат сыйымдылығының нығайюына мүмкіндік береді, егер де ол жүйелілік бағыт, пәнаралық байланыс және дидактикалық талдау неізінде іске асса.

Пәндердің интеграциясы мүмкін, егер де бірқатар шарттар орындалса:

- Зерттеу нысандары ұқсас немесе жақын болуы қажет;
- Интеграцияланған оқу пәндерінде зерттеудің ұқсас немесе жақын әдістері пайдаланылады;

- Интеграцияланатын оқу пәндері жалпы заңдылықтарда, жалпы теориялық тұжырымдарда құрылады;

- Қазіргі мектептегі интеграция әртүрлі бағыттар, деңгейлер бойынша жүргізіледі. Негізгілері: пәнішілік және пәнаралық.[2]

Интеграциялаудағы мазмұнды таңдау ерекшелігі: дәстүрлі, классикалық пәндер материалдарының интеграциясы және мектеп үшін жаңа мазмұнды материалдардың интеграциялануы. Бұл бағыттардың тұғырында түрлі нәтижелер де болуы мүмкін:

- Жаңа пәндердің туындауы (курс, факультатив);
- Бір немесе бірнеше пәндердің ішкі мазмұнын жаңартатын арнайы жаңа курстардың туындауы;

- Бір немесе бірқатар пәндердің материалын жаңартатын сабақтар циклдерінің (блоктардың) туындауы;

- Түрлі деңгей мен сипаттағы бірреттік интеграцияланған сабақтар.[4]

Пәнаралық байланыстарды кейде оқу үрдісін ұтымдылау көзқарасынан, оқушылардың жігерін және уақытын үнемдеу немесе оқылатын пәндер бойынша алған білімдерді меңгеру тұрғысынан ғана қарастырады. Дегенмен де пәнаралық байланыстарды орнатудың негізгі міндеті - табиғатпен қоғамның заңдылықты байланыстарын объективті түрде тереңірек қабылдату жолымен оқушылардың білім, дағды және даму деңгейлерін сапалы көтеру болып табылады. Оқытудағы пәнаралық байланыстардың өзекті мәселесі қазіргі мәдениеттегі объективті үрдістермен шартталған. Бұл, ең біріншіден, теориялық зерттеулер мен практикалық іс-әрекеттегі ғылыми білімдердің интеграциялану үрдісімен сипатталады. «Интеграция» латын тілінен аударғанда «жеке бөлімдердің біртұтас жүйеге бірігуі» деген мағынаны білдіреді. Интеграцияланған сабақ – бұл да нақты тақырып бойынша әртүрлі пәндер

саласының білімдерін біріктіру.[3]

Оқытудағы интеграцияланған бағыт – бұл мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде интеграцияланған принциптің шынайы іске асуы: оқышылардың бірегей дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ететін берілген саладағы оқышылардың жүйелілік білімдерін құру үшін туыс пәндердің өзара байланысқан материалдарын оқытуда мақсат-міндет, мазмұн, түр, әдіс-тәсіл, құралдардың жиынтығы.

Интеграцияланған сабақтарды сәтті өткізу үшін қызығушылық және шығармашылықтың атмосферасын құру қажет. Оқытушының мақсатталған жұмысы, оқышылардың санасында байланыстардың туындауына мүмкіндік беретін дидактикалық тәсілдердің жүйесі қажет. Бұл пәнаралық негізде географияны оқытумен іске асады.

Интеграцияланған сабақтардың міндеті – оқышылардың оқу материалдарын белсенді және саналы меңгеруіне, логикалық ойлануына мүмкіндік береді. Бұндай сабақтар оқыту барысында замануи интерактивті әдістемені пайдалану, оқышылардың жетістіктерін объективті бағалау мүмкіндігіне ие.

Интеграцияланған сабақтарда амал-тәсілдердің көптеген түрлерін пайдалана отырып оқу жылы бойы өткізуге болады. Тұтас тақырып шеңберінде де өткізуге мүмкіндік бар. Сабақты екі-үш педагог жүргізеді. Сабақтың көп бөлігі оқышылардың шығармашылығына беріледі. Сабақта оқышыларға әсер етудің түрлі жолдары қолданылады: видео-көркем, әуендік қатар, теледидар, оқу, декламация т.б.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау көрсеткендей, пәнаралық байланыстар есебінен білімдерді интеграциялау мәселесімен көптеген зерттеушілер айналысты: Я. А. Каменский, Ж. Ж. Руссо, И. Г. Песталоцци; орыс зерттеушілері – К. Д. Ушинский, П. Ф. Каптеров, И. Д. Зверев, В. Н. Максимова, В. К. Кириллов, Н. А. Лошкарева, Л. Я. Зорина, Н. М. Сокольникова және т.б. Бұл зерттеулерде жаратылыстану-ғылыми, жалпы қоғамдық, техникалық пәндердің білімін интеграциялаудың түрлері, функциялары, әдістері көрсетілген.[4]

География – мектептік пәндердің ішіндегі ең бір пәнаралық байланыстар диапазоны кең, оқытудың түрлері мен құралдары көптүрлі пән. Өзінің пәнін оқыта отырып, мұғалім саналы немесе еріксіз түрде оқышыларда бұл пәнге саналы қарым-қатынасты қалыптастырады, және бұл қарым-қатынас оның жұмысының маңызды нәтижесі болмақ. Әдетте, оқышылар пәнге деген өзінің қатынасын нақты және анық көрсетеді: «қызық» - «қызық емес». Және мұндай пікір мұғалім үшін өзінің жұмысын бағалаудың бір критеріі болуы мүмкін, өйткені танымдық қызығушылық еш жағдайда парыз түсінігі және оқыту міндеттерімен қарама-қарсы келмейді. География пәніне танымдық қызығушылықты қалыптастыру үрдісі көптеген факторлар ықпалымен болады, бірақ мұғалімге оның ішіндегі ең маңыздысын айқындап алуы керек.

Табиғат – біздің ортақ үйіміз. Табиғатта барлығы өзара байланысты. Сондықтан да, географияны оқығанда оқышылар әлемді тұтас қабылдауы өте маңызды. Өкінішке орай, көбінесе оқышылар жеке мектептік пәндер арасында өзара байланысты көрмейді, ал онсыз табиғаттағы көптеген құбылыстардың мәнін түсіну мүмкін емес. Оқышылар көп жағдайда бір пәннің білімдерін екіншісіне қолдана алмай жатады, мысалы географиямен экологияның, химияның, биологияның, экономиканың және т.б. өзара байланысы.

Бір жағынан барлық пәндерді бір бүтінге біріктіру онша жақсы емес, өйткені олар өзіндік жекелігін жоғалтады. Сондықтан да интеграцияланған сабақтарды кезекті түрді өткізу қажет, өйткені оқышылар оқу пәндері арасында өзара байланысты көру керек және де бір пәндегі білімдер басқа пәндерде оқытылатын үрдістерді түсінуді

жеңілдететінін түсінуі керек.

География соншалықты әмбебап – кез-келген пәнмен интеграцияланады. Географияның әрбір сабағында басқа пәнмен байланыс табылады. География көптеген пәндермен, мысалы экология, биология, математика, химия, физика, информатика, экономика және т.б. тығыз байланысты, ол дегеніміз тіректі пән ретінде де және болашағы бар пән ретінде де пәнаралық байланыстарды асыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта мұғалімдердің көбісі география мен экологияның, география мен биологияның, география мен химияның т.б. пәндермен интеграцияланған сабақтарды өткізуде. Бұл сабақтар, оқушылар жаңа тақырыпты меңгеруде ме немесе өткен сабақтың материалын қайталауда ма, оған тәуелсіз тиімді болып табылады. Интеграцияланған сабақтарда түрлі оқу пәндерінің оқу тақырыбы болатын көп аспектілі объектілерді қарастырады.

Төменгі кестеде мектеп мұғалімдеріне география сабақтарын интеграциялап оқытудың мысалдары ұсынылған.[5]

Сынып	О у п ндері (саба тар та ырыптары)
5	Жаратылыстану (Жаратылыстанушы алымдар) + тарих (Финикия те із саяхатшылары)
5	Жаратылыстану (Физикалы дене. Зат. Салма) + физика (Заттарды агрегатты к йлері. Затты асиеттері)
